



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№3 (643)
15 қаңтар,
Бейсенбі
2026 жыл

Отбасы – адамзат қоғамының ең көне әрі ең киелі құндылығы. Қазақ үшін отбасы ұғымы тек қана бір шаңырақ астында тұратын адамдар жиынтығы емес, ол – ұлттың ұстыны, тәрбиенің тамыры, болашақтың бағдары. «Отан – отбасынан басталады» деген қанатты сөздің астарында үлкен философия жатыр. Қай кезеңде болсын отбасының беріктігі елдің бірлігімен, қоғамның тұрақтылығымен тікелей байланысты болды. Алайда уақыт алға жылжыған сайын, жаһандану, урбанизация, ақпараттық ағын отбасы институтына өз әсерін тигізбей қоймады. Бүгінде отбасы құндылықтарының әлсіреуі, ажырасудың көбеюі, жалғызбасты өмір салтын таңдаған жастардың артуы адамзаттың басты қатеріне айналып келеді. Мұндай өзгеріске не себеп? Мақалада саралап көреміз.



ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ НЕГЕ ӘЛСІРЕДІ?

4-БЕТТЕ

Қандай да бір ғажап әнді естіп немесе сезімге толы өлеңді оқи қалсақ «Шіркін-ай, мына туынды арналған адам бақыты шығар» деп тамсанатынымыз бар. Алайда сол шығарманың шығу тарихына үңіліп, оның артында қандай тағдыр, қандай сезім, қандай адам тұрғанын зерттеп жатуға көбіне уақытымыз да, құлшынысымыз да бола бермейді. Шын мәнінде әрбір әсерлі туынды – бір адамның бейнесі, бір сәттің өлесі, бір жүректің күйі. Ол – муза.




МУЗА — ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШАБЫТ БАСТАУЫ



Муза ұғымы ежелгі дәуірден бастау алады. Антикалық танымда муза – өнер мен ғылымды қорғаушы, шабыт сыйлаушы киелі күш ретінде сипатталса, кейін бұл ұғым нақты адаммен, нақты сезіммен байланыстырылды. Ақын-жазушы, сазгер үшін муза – шабыттың себебі ғана емес, шығармашылықтың қозғаушы күші.

5-БЕТТЕ



Бүгінде кинодан алпауыт күш жоқ секілді. Күн өткен сайын бұл өнердің маңызы да үдеп келеді.

Десек те кейінгі уақытта отандық кинолардың сынға көп ұшырап жүргені рас. Әсіресе коммерциялық бағыттағы фильмдердің көркемдік деңгейі мен тіл тазалығы жиі сөз болуда. Олай болуы да заңды. Өйткені маркетингі мәз қылғанымен, қалтаны қаққан қаражаты көрермен көңілін кірлетіп тұр.

3-бетте



БІР ЖЫЛДА 84 КІТАП ОҚЫҒАН БҮЛДІРШІНДЕР

Әдетте баладан не көріп жүргенін сұраймыз ғой. Ал бүгінгі кейіпкерлерден «Қандай шығарма оқыдың?» деп сұраған жөн. Себебі ағайынды Ақылжан мен Біржан Шереханның кітапқа деген қызығушылығы жоғары. Мысалы, былтырдың өзінде Біржан 46, ал Ақылжан 38 туынды оқыған. Сөзбен тоқылған әлемді ермек емес, серік еткен балалармен сұхбаттасудың сәті түсіп, біз де біраз ой түйдік.


Олар – қаладағы №7 мектеп-лицейінің оқушылары. Біржан 3-сынып, ал Ақылжан 5-сыныпта оқиды. Әңгіме барысында кіші болса да, ойы орнықты Біржанның әр сұраққа асықпай жауап

беріп, ойланып сөйлейтінін байқадық. Мұны «Ойлануға, сұрақ қоюға мүмкіндік беретін сабақтар ұнайды» деген жауабынан да аңғаруға болады.

7

ҚЫЗЫЛ СЫЗЫҚТЫҢ ҚҰПЯСЫ

8-БЕТТЕ



ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

2



Өзіңе сенсең де, көлікке сенбе. Көлік – тек темір. Десе де сол темірге отырып, жылдамдыққа ерік беріп, өзімізді де, өзгелерді де ұмытып кетеміз. Қауіптің бар екенін елемейміз де. Бүгін бізді алаңдатқан мәселе – жол-көлік оқиғаларының көбейіп жатқаны.

Бірден сандарға зер салсақ, былтыр елде 36 146 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Ал 2024 жылдың соңында ЖКО саны 31 597-ге жеткен. Екі жылды салыстырсақ, 14% айырмашылық бар. Кейінгі он жылдықтағы көрсеткіштерді де назардан тыс қалдырмауды жөн көрдік. 2015 жылы 18 917 жағдайдан басталып, көрсеткіш 2023 жылға дейін 13-14 мың аралығында болған. Бірақ 2024 жылы екі есе өсіп, 31 597 жол апаты болған. Ал мұндай өсім көзге бірден түседі.

ЖАҢА САЛАНЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

«Бірінші байлық – денсаулық» деп дана халқымыз айтқандай, адам баласы үшін ең қымбат құндылық – оның тән және жан саулығы. Ал осы саулықты сақтайтын, ауруды ауыздықтаушы сала – медицина. Осы орайда деннің саулығын сақтауға көмектесетін медицинаның превентивті бағыты туралы сөз етеміз.



Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, адамның денсаулық жағдайына әсер ететін факторлар көп. Оларды талдағанда, факторлардың 50-52%-ы өмір сүру салтына, 20-25%-ы тұқым қуалау жағдайларына, 18-20%-ы қоршаған ортаға, тек 7-12%-ы ғана денсаулық сақтау саласының деңгейіне байланысты екені анықталды.

6

Басы 1-бетте

ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Қауіптің көлеңкесі сейілмей, зардап шеккендер де азаймайды. Былтыр 36 146 жол-көлік оқиғасынан зардап шеккендердің саны 51 550 адамға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 18,6%-ға көбейген.

Ең көп зардап шеккендер – жараланғандар. 49 220 адам, яғни жалпы көрсеткіштің 95,5%-ы. Бұл да өткен жылмен салыстырғанда 20,4%-ға өскен. Демек жылдамдықты асыру, ереже бұзу немесе қарапайым сақтық шараларын ұмытқан әрбір әрекеттің артында мыңдаған тағдыр, аяқ астынан үзілген өмір мен орны толмас қасірет қалды.

Желтоқсан Қазақстан Республикасы



Статистика бойынша жол-көлік оқиғасынан қайтыс болғандар саны өткен жылмен салыстырғанда 9,7%-ға азайған. Дегенмен бұл бірде-бір оқиғаның мәнін азайтпайды. Өйткені былтыр 2 330 көлік емес, 2 330 адам өмірмен қоштасты, үйінен шыққан 2 330 жан біржола оралмады. Бұл – қоғам үшін үлкен сабақ, әрқайсысы ескерту.

Елдегі жалпы ахуалмен таныстық. Ал өңірлерді жеке қарасақ, жағдай әртүрлі. Ең көп зардап шеккендер Алматы қаласында 8 954 адам, Алматы және Жамбыл облысының әрқайсысында 5 987 адам тіркелген. Ақтөбе облысында 3 053, Атырауда 2 785 адам зардап шеккен. Жарақат алғандардың ең көп саны да осы өңірлерде. Алматы қаласы – 8 881, Астана – 2 573, Алматы облысы – 5 613, Жамбыл – 3 071, Ақтөбе – 2 919, Атырау – 2 689. Қайтыс болғандар көрсеткіші де алаңдатады. Алматы облысында – 374, Түркістан – 274, Жамбыл – 205, Қарағанды – 160, Жетісуда 137 адам.

Бірнеше өңірдің де мәліметін салыстырдық. Мысалы Маңғыстауда 2015 жылдан бері жылына 400-500 оқиға тіркелсе, 2024 жылы 1 466, ал 2025 жылы 1 672 жағдайға жеткен. Яғни кейінгі бес жылда апат саны үш есе өсіп отыр. Қызылорда облысында да тенденция ұксас. 2015 жылдан бастап жыл сайын шамамен 381 жол-көлік оқиғасы тіркелсе, 2024 жылы бұл көрсеткіш 976-ға, 2025 жылы тіпті 1 446-ға жеткен. Ал Алматы қаласында 2015-2017 жылдары жыл сайын бес мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркеліп келсе, 2018 жылы белгілі бір деңгейде төмендеу байқалды. Дегенмен кейінгі екі жылда күрт өсіп, ЖКО саны жеті мыңнан асты. Жамбылдықтардың да жайына зер салдық. Себебі бұл өңірде ЖКО салдарынан зардап шеккендер басым. Он жыл алдын ЖКО-ның 1298, ал былтыр 2042 жағдайы тіркелді. Оның ішінде 2015-2018 жылдары ең азы 2121 адам, ал кейін, яғни 2019 жылы 1500-ге дейін төмендеген екен. Бірақ бұрынғы меже қайта келіп, былтыр 3276 адам зардап шеккен. Құрбандардың санына келер болсақ, сәл де болса төмендеу байқалады.

Жоғарыда сақтықты сақтамаудың салдарынан немесе басқа да себептен орын алған жағдайдың дерегін жаздық, көзге түйедей көрінетін санға да тоқтадық. Ал қандай шара қолданылып жатыр? Жаға ұстататын жағдай неге азаймай тұр?

Жол қозғалысы ережелерін бұзуға байланысты жаза күшейді. Былтырдан бері жылдамдық сағатына 60 шақырымнан асқан жағдайда 40 АЕК көлемінде айыппұл салынып бастады. Қарсы қозғалыс жолағына шыққаны үшін 6 айға жүргізуші куәлігінен айыру, ал егер бұл әрекеттер жол апатына әкеп соқса, 20 АЕК мөлшерінде айыппұл немесе 6 айға жүргізуші куәлігінен айыру жазасы көзделген. Егер қарсы жолаққа шығу жол апатына әкеп соқса, бұл үшін жүргізушілер 9 айға жүргізуші құқығынан айырылады. Былтыр 11 айдың ішінде 21 мыңнан астам мас

жүргізуші ұсталды. 25 мыңнан астам жүргізуші көлік жүргізу құқығынан айырылып, 21 мың адам әкімшілік қамауға алынған. Ал 401 мыңнан астам жаяу жүргіншіге айыппұл салынды.

ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Ғалым Сарғұлов Көлік министрлігімен бірге трассаларда орташа жылдамдықты бақылау орнатылғанын айтқан еді. Сонымен қатар баспасөз мәслихатында:

– Жұмыс барысында желдел-профилактикалық іс-шаралар, жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша акциялар өткіземіз, жол қозғалысын қадағалау

үшін цифрлық шешімдерді енгіземіз, мобильді кешендерді қолданамыз. Қазір олардың 523 бірлігі бар. Сонымен қатар «жасырын» патрульдеу жүйесі де қолданылады. Дрондардың көмегімен қозғалысты бақылау енгізілген соң 4 мыңнан астам бұзушылық анықталды. Тәртіп бұзушылармен күресу үшін барлық цифрлық құрал мен камералар «ТОР» платформасына біріктірілді. Бұл арқылы көліктердің қозғалысын қадағалау, іздеуде жүрген көліктерді анықтау, агрессивті жүргізушілерді бақылау, 8 сағаттан астам уақыт тоқтамай жүрген «шаршаған жүргізушілерді» анықтау міндеттері кешенді түрде орындалады, – деді Ғалым Сарғұлов.

ЖКО жиі орын алатын өңірдің бірі – Түркістан. Қазір қала аумағында барлығы 410 бейнебақылау камерасы орнатылған. Оның ішінде 200 камера жаңғыртудан өтіп, 170 камера ОВН жүйесі бойынша жұмыс жасайды. 40 камера заманауи аналитикалық мүмкіндіктермен жабдықталған. Ал Алматыға бейнебақылау орнату бойынша «Көркем Телеком» компаниясымен серіктестікті тағы бір жылға, яғни 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзарту туралы шешім қабылданып, Алматыға қосымша 350 «Сергек» кешені орнатылатын болды. Бүгінде Алматыда 1641 аппараттық-бағдарламалық кешен жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар Астанада «Сергек» жүйесін алмастыратын жасанды интеллект негізіндегі жаңа бейнебақылау жобасы іске қосылады. Жобаны Біріккен Араб Әмірліктерінің G42 холдингіне кіретін халықаралық Presight компаниясы жүзеге асырады. Абай облысында да жол-көлік оқиғаларын болдырмау және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында бірқатар шара қабылданды.

Абай облысы ПД Әкімшілік

полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция майоры Данияр Нұрпейісовтің айтуынша, полиция қызметкерлері жол қозғалысы қарқынды учаскелерде, жаяу жүргіншілер өткелдерінде және қоғамдық орындарда бақылауды күшейткен. Құқық бұзушылықтарды анықтау үшін дрондар қолданылып, қауіп төндіретін қозғалыстар, сондай-ақ жаяу жүргіншілер өткелінде жол бермеген 4879 жүргізуші жауапкершілікке тартылған.

– Өткен жылы облыс аумағында 1134 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Жол қозғалысы ережелерін бұзған 3783 жаяу жүргінші анықталды. Құқық бұзушылықтардың көбі белгіленбеген жерден жолды кесіп өту, бағдаршам талаптарын сақтамау және абайсыздық салдарынан болған, – деді Данияр Нұрпейісов.

Жолдағы тәртіпті күшейту, жол-көлік оқиғасының алдын алу бағытындағы нақты қадам-

дардың бірі Қызылордада қолға алынған.

Қала аумағында «Сұңқар» атты автоматтандырылған интеллектуалды кешен іске қосылды. Бұл кешеннің басты ерекшелігі – жылдамдықты шектен тыс асыру, жаяу жүргіншіге жол бермеу, қауіпсіздік белдігін таппау және көлік жүргізу кезінде ұялы телефон пайдалану фактілерін автоматты түрде тіркеуінде. Мамандардың айтуынша, мұндай жүйелер жолдағы жауапкершілікті арттыруға бағытталған. Жаңа қондырғы қос бағытта жүріп келе жатқан көліктердің де жылдамдығын анықтай алады. Жылдамдық

Біріншіден, кейінгі жылдары елде автокөлік саны күрт артты. Қалалардағы жол желісі мен инфрақұрылым бұл өсімге дайын болмағандай. Көлік көбейген сайын қозғалыс тығыздалып, қателікке жол беретін жағдайлар да еселене түсті. Екіншіден, 2024 жылы жол қозғалысын бақылаудың цифрлық құралдары кеңінен енгізілді. Бұған дейін тіркелмеген немесе кезден тасада қалған көптеген құқық бұзушылық ресми статистикаға ене бастады. Яғни бақылаудың күшеюінен нақты дерек пайда болды. Үшіншіден, жүргізушілердің жауапкершілік мәдениеті әлі де өзекті мәселе. Жылдамдықты асыру, қарсы қозғалыс жолағына шығу, қауіпсіздік белдігін таппау, масан күйде көлік жүргізу секілді өрескел заңбұзушылықтар азаймай отыр. Бұл мәселе жөнінде қала тұрғындары жиі сөз қозғап, алаңдаушылық білдіреді. Себебі көшелердегі келеңсіз жағдайлар тек темір тұлпарға ғана емес, төрт дөңгелекке сеніп отырған жүргізуші мен жолаушыға, тіпті тасада тұрған жаяу жүргіншіге де қауіп төндіреді.

Өңірлер арасындағы жол-көлік оқиғаларының айырмашылығына географиялық, инфрақұрылымдық және адами факторлар әсер етеді. Ірі қалаларда, әсіресе Алматы мен Астанада, жол апаттарының көп тіркелуі көлік тығыздығымен байланысты. Мұнда жоғары жылдамдықтан гөрі үздіксіз қозғалыс, асығыстық пен агрессивті жүргізу қауіп төндіреді. Ал Жамбыл, Түркістан, Алматы облыстары секілді өңірлер транзиттік аймақ саналады. Бұл жерлер арқылы күн сайын мыңдаған жеңіл және ауыр жүк көлігі өтеді. Ұзақ жол, шаршау, қарсы жолаққа шығу секілді факторлар адам шығынына әкелетін апаттардың жилеуінің бір себебі.

Расымен, жылдамдықты арттыру, мас күйде көлік жүргізу, жаяу жүргіншілердің жолды тиісті емес жерден кесіп өтуі ЖКО жағдайының жиі орын алуына әсер етеді. Еліміздің бас прокуроры Берік Асыллов та жол-көлік оқиғаларының негізгі себебі – жол қозғалысы ережелерін сақтамау екенін айтады. Бұдан бөлек, автомобиль жолдарында белгіленген нормаларға сәйкес келмейтін рұқсатсыз шығу жолдарын, қиылыстар мен қосылуларды салу да апатқа әкелетін фактордың бірі. Сондай-ақ ауыр жол-көлік оқиғаларының біршама бөлігі қалалараралық такси ретінде пайдаланылатын, оң жақты рульмен басқарылатын минивэндерде орын алуда. Қауіпсіздік жайында жазғанда



режимін бұзған автокөліктің мемлекеттік нөмірі тіркеліп, автоматты түрде айыппұл рәсімделеді. Бүгінде 1400-ге жуық бейнебақылау камерасы үздіксіз жұмыс істеп тұр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та өз Жолдауында жол қауіпсіздігіне тоқталып, заң бұзатын жүргізушілер жайында айтты.

– Көп нәрсе көлік жүргізушілерінің өзіне байланысты, себебі жол ережесін бұзатындар аз емес. Әрбір адам өз өміріне және айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне жауапты екенін сезінуге тиіс. Көлік жүргізу мәдениетін бүкіл қоғам болып қалыптастыру қажет, – деді.

ЖКО неге күрт өсті? Жол-көлік оқиғаларының 2024 жылдан бастап екі есеге жуық өсуін бір ғана себеппен түсіндіру мүмкін емес. Десе де сәл таразылап көрелік.

деннің саулығы бірінші орында. Десе де медициналық көрсетілімдерге байланысты көлік құралын басқаруға болмайтын азаматтар да көлік тізгіндеп жүр. Мысалы Абай облысының Үржар ауданында эпилепсия дерті бар жүргізуші ұстама салдарынан 6 баланы қағып, 4-і қаза тауып, 2-і жарақат алды. Ресми дерекке сүйенсек, басқа да апатқа кінәлі жүргізушілердің 81%-ы бұған дейін де жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін бірнеше рет жауапкершілікке тартылған көрінеді. Мәселен, ШҚО-да бір жүргізуші бір жыл ішінде 32 рет ереже бұзған. Ал оның 13-і – жылдамдықты арттыру фактісі. Тіпті қарсы жолаққа шығып, салдарынан өзі және екі жолаушы қаза тапқан. Тағы бір жағдайда жүргізуші кейінгі екі жылда 72 рет жол қозғалысы ережесін бұзған, оның ішінде 2025 жылы жылдамдықты арттырғаны үшін 30 рет жауапкершілікке тартылған. Заңға бағынбаған азаматтың мұндай әрекетінің салдары жаяу жүргіншінің өліміне әкелді. Өкінішті...

Жол қателікті кешірмейді. Айтармыз осы.

Әлия ТӘЖІБАЙ



Басы 1-бетте

ҚАЙДА БЕТ АЛДЫҢ, ҚАЗАҚ, КИНОСЫ?

Көрермен көңілі комедияға аулы

Жақсы кино – мәдениеттің тірегі, арзаны – күйреуі. Бірнеше жылдан бері қалың көрерменге детектив, хоррор, драма, фантазияны ұштастырған фильмдер жол тартып келеді. Бірақ мардымсыз. Әр туындыдан кей жанрлардың кенделіп қалғанын анық байқаймыз. Содан кейін тұшымды туындыға сусаған көрерменге кім қандай дүние ұсынса да талғамай, тұтына беруіне тура келеді. Ал оның басым көпшілігі – комедия. Бұған қатысты кинорежиссер Қанағат Мұстафин «Көрермен комедияға тойды» дейді.

– «Шетінен комедия көрсетеді» деп кинотеатрларды кінәлауға келмейді. Себебі олар – жекеменшік, яғни әлдебіреулердің өз қаражатына салған ғимараты, олар өнерге бизнес ретінде қарайды. Бірақ жұрт көруге жарайтын сапалы туынды болса, олар жалпақ жұртқа көрсетуден қашпайды. Өйткені кассалық түсімнен олар да пайда көреді. Мысалы, «Міржақып. Оян қазақ!» фильмі кинотеатрлар желісінен миллиардтан аса қаражат түсірді.

Қазір жаппай жарыққа шығып жатқан комедиялардың дені сапалы деп айтуға келмейді. Неге десеніз, қазіргі таңда осыдан жиырма жылғы уақытпен салыстырғанда кино түсіру неғұрлым коллегімді бола түсті. Әнші атаулының

бастады. Атыс-шабыс кинолар да таспаланды. Олардың басы-қасында Ақан Сатаевтың «Рэкетир», «Ағайындылар» сияқты туындылары тұр. Сондай-ақ хоррор жанры да ұсынылды. Оған «Дәстүр» фильмін жатқызуға әбден болады. Бір айта кететінім, сапалы тарихи фильм түсіру үшін көп қаражат қажет. Ондай жобаларға, әлбетте, үкіметтің қолдауы керек, – дейді ол.

Бұл пікірмен актер, режиссер Санжар Мәди де келіседі. Оның айтуынша, кино саласына мемлекет тарапынан қолдау жоқ екен.

– «5:32» сериалы мен «Дәстүр» фильмі көрермен көңілінен шыққанына орай, көрерменге триллер жанры қызықты ма деп қалдым. Ал комедияны жалпыға бірдей жағатын әмбебап тұрғыда түсіру қажет деп санаймын.

Содан кейін айта кететін бір мәселе, біздің көрермен берері жоқ тарихи туындыларды тамашалаудан шаршаған сыңайлы. Мысалы, алашордашылардың әрбірінің тағдыры бір-бір фильмге сұранып тұр. Олардың жанкешті тағдыры мен еңбегін халыққа жақын таныстыратын кез жетті. Өмірі қалай болды, кімнің қолынан қаза тапты? Шындықтың құпиясын ашып, көзі қырағы көрерменге жеткізетін уақыт келді. Ұлт зиялыларына бір-бір деректі, көркем фильмдер мен сериал арнасақта, артық болмайды.

мәселе тек оның жанрында болмай тұр. Түйткілдің көрініс тапқан тұсы – тілдің тазалығында. Жан-жақтан дабыл қағып, ұлтқа қауіп төніп тұрғанын айтады. Цензура мүлдем жоқ. Сорақысы сол, бұл тіл халыққа ұнап келеді. Бұл сөзімізге лық толған кинотеатрлар мен әлем желідегі миллиондаған қаралым дәлел. Кино – тәрбие құралына, идеология қаруына айналғалы қашан?! Ал мұндайды төнге емес, ұлт санасына төнген қауіп деп айта аламыз ба?

Қазақ киносына қиянат қайдан келеді?



Шыққан жара сыздатпай қоймайды. Кино тілінің мәселесін Парламент Мәжілісінің депутаты Нұргүл Тау да мінберден көтеріпті. Ол отандық киноларда анайы сөздердің айтылуына заң жүзінде тыйым салуды ұсынып отыр. Оның пікірінше, отандық киноның басым бөлігі мәдениеттен ада.

– Кейінгі уақытта ақылға сыймайтын, анайы сөздер көп айтылатын фильмдер экранды басып алды. Бұл кинолар біздің ұлттық мәдениетімізге, менталитетімізге мүлде жат. Әсіресе, «YouTube», «Aitube» платформаларына шығып жатқан қысқа метражды туындылар көңілге үрей ұялатады. Мұндай сөйлеу мәнеріне көрермендер үйір болып барады. Бұл – өте қауіпті құбылыс. Фильмдерде анайы сөздердің қолданылуына заң жүзінде тыйым салынуы тиіс деп есептеймін, – деді депутат.

Бұл мәселе театр және кино актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қазақтың «Керей ханы» аталып кеткен Қайрат Кемаловты да күйіндіріп отыр. Оның пікірінше, бұл – ұлтқа жасалып жатқан қиянат.

– Қазіргі қазақ киносында болып жатқан жағдайлар мені қатты күйіндіреді. Тілге жасалған қиянат – ұлтқа жасалған қиянат. Бұл – кешірілмес күнә. Себебі әр ұрпақ өзіне аманатталған құндылықтарды келешек буынға бүтіндей тапсыруы қажет. Егер осы ұрпақ өзіне тапсырылған міндетті ойдағыдай атқармаса, арада үзіліс пайда болады. Содан кейін, ұлттың өзегінен, құретамырынан ажыраймыз. Аманатқа қиянат жасаудамыз. Енді ғана маңайына қарайлап, жетіліп келе жатқан көк өскіндей балалар киномыздағы сөйлеу мәнерін көріп, содан жірікеніп кетуі де әбден мүмкін. Жалғыз ғана уәдемен, антпен, сертпен адал ғұмыр кешкен, ана тілін қасиеті деп білген халықтың тілін осылай бұрмалауға, бұзуға жол берілмеуі тиіс, – деді Қайрат Кемалов.

Ал осы мәселе төңірегінде театр және кино актрисасы Гулшат Тұтова «Барлығы тамаша. Жастардың еңбегі зор. Бірақ тіл мәселесіне баса назар аудару қажет» дейді.

– Шәкен Айманов өмірден өткен соң қазақ киносының құлдырап кеткені жасырын емес. Бірақ, бір қуанатыным, қазіргі жастар жоқтан бар жасап жатыр. Тіпті, бәсекелестік пайда болды. Ал бәсеке бар жерде өсу болады. Нәтижесінде қанша актердің бағы жанып, халыққа талантты адамдарды таныстырып жатыр.

Үкіметке қарасты «Қазақфильмнің» өзі сыртқа алақан жайып отыр. Бюджеттен сауын алмағандықтан сырттан инвестор тартып, қаражат табудың қамын ойластырып, қолдан келгенше әрекет жасау үстінде. Оған бола ешкімді кінәлаудың қажеті жоқ. Жөкқа қарамастан, жастардың әрекетке көшкенін өз басым қолдаймын. Себебі, біз де сол арқылы өсіп жатырмыз.

Осы ретте шақырған жерден қалмай, қолдап, тиісті рөлдімді ойнал беруге тырысамын. Төқаппарлығым жоқ. Себебі, қазіргі жастарды қолдауымыз керек.



Жоғарыға қарап отыратын уақыт емес. Әркім өз қотырын өзі қаситын заман. Тек талмай еңбек ету керек. Бір мәселе – тіл мәселесіне баса назар аудару қажет, – деді ол.

Тіл тазалығы – ұлт тазалығы

Бүгінгі режиссерлер де саудагер. Өзі түсірген туындының кассалы болғанын қалайды. Ал ол үшін әлбетте көрерменге ұнауы шарт. Көрермен пинайылықты талап етеді. Халықтың басым көпшілігі тұрмыста орысша мен қазақшаны араластырып сөйлейтіні жасырын емес. Қазақстандағы шынайы өмір – осы. Өзіміз түсінетін тілде фильм көргіміз келеді. Кино барынша шынайы шығуы үшін алдымен кейіпкердің сөйлеу мәнері шынайы болғаны абзал. Мәселен, көшенің бұзақысын театрдағы дулығалы батырдай буырқандырып сөйлете алмайды. Қылмыскерлерден шаршаған, жүйкесі тозған тергеушіні де мәймөңкелеткісі жоқ. Ал қазіргі отандық кинолардан көрермен неге безінеді? Белгілі ақын, драматург, тарихи картиналарда кейіпкерлерді сөйлетіп жүрген Ұларбек Нұрғалымның пікірінше, біздің киноөндірісіміз қазақы әуезден ажыраған. Сөйлеу тілі жасанды. Ал халық жасандылықтан жиіркенетін хәлге жеткен дейді.

– Қазір көп актерде қалалық акцент басым. Қазақы ырғақ, үн, әуез жоғалып бара жатқандай. Әр фильмге қарауыл қоймақ керек. Әсіресе кальқалардан сақтанған жөн. Қазақ киносында қазақы әуез болмаса, бүкіл еңбек зая кетеді. Сосын, актерлер тым жасанды сөйлейді. Жоғарыда айтқандай, қалалық акцент те құлаққа жағымсыз естіледі, – деді бір сөзінде Ұларбек мырза.

Тіл деген тірі ағза десек, қалқа – сол ағзаға жұққан вирус. Актерлердің аузындағы тікелей һәм шала аударылған орыс сөздерінде есеп жоқ. Одан бөлек, сөздің қол-аяғын кесіп, мүгедек етіп тастайтындары тағы бар. Мәселен, «отырсың ба?» дегенді «отсын ба?» дей салады. «Аман-есен жүріп жатырсың ба?» дегенді «Жұрватсың ба?» деп қайыра салады. Мұндай мысалдар өте көп. Тізе берсек, шетін көре алмаспыз. Бір сөзбен айтқанда – киномызды кассалы етеміз деп, тіліміздің парша-паршасын шығардық.



Бізге сахна тілі деген бар ғой. Бір кезеңде қалыптасқан, уақыт талабына сай өзгерген, дамыған. Кино тілі жоқ деуден аулақпыз. Бар. Бар болғанда да қандай. Бірақ ақсап, замана көшінен қалып келеді. Шындығы – осы. Кино тілін қазақшалау қажет екен деп байырғы фильмдердегі тілді әкеліп, кейінгілерге тықпалай алмайтынымыз тағы бар. Бір сөзбен айтқанда – бүгінде «өгіз өлмейтін, арба сынбайтын» шешім таба алмай отырмыз.

Одан бөлек, киноны тобырдың арзан күлкісіне масайраған блогерлер қауымы да кәсіп қылып алған. Ақшаң болса болды, камеранды ал да жөнел. Тиісті білімі жоқ, ұлт алдындағы жауапкершіліктен ада кино түсіргіштерден не қайыр?! Жеңіл күлкіге құмар аудиторияны тәрбиелеп жатырмыз.

Өнерге әркімнің-ақ бар таласы. Бірақ...

Рас, бүгінгі кино түсірушілердің басым көпшілігі әнші, блогер және жайдарманшы. «YouTube» платформа арқылы миллиондаған қаралым жинап, артынша үлкен киноға аяқ басады. Бірақ барлығы бірдей касса жинамайды. Соның ішінде «Азартник», «Сыныптас», «ВауGuys» жігіттерінің үлкен туындысы өз-өзін ақтамаған сыңайлы. Оның үстіне көрерменнің көңілінен шықпағаны тағы бар. Одан бөлек Мөлдір Мұханованың «Шай в большом городе» фильмі де көптің сынына ұшырады. Тізе берсек топтау жоқ. Барлығы да кино түсіруге құмар. Бірақ сапасы мен тілге назар аударып жатқаны шамалы. Біздің бұл пікірімізбен келіскен ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, киноактриса Гүлнар Досматова «Кино деген – цирк емес» дейді.

– Қазір режиссураға, киноға қатысы жоқ адамдар да кино түсіретін болды ғой. Ақша тапса, кино түсіру сәнге айналды. Салдарынан сан артты да, сапа төмендеді. Мәселен, комедия кино саласындағы ең ауыр жанр саналады. Бірақ бұл бізде ең жеңіл жолға айналды. Тіпті, мәнісі кеткені сонша кейбір комедиялар күлкі де шақырмайды. Осы жанрды эфирге алып келген Чарли Чаплин: «Өмірді жақынан көргенде – трагедия, алыстан қарасаң – комедия», – деп текке айтпаса керек.

Біздің қоғамда комедиядан өзге де көрермен көруге тиіс мәселелер бар. Кино деген – цирк емес. Оған келген адам күліп қана қоймай, өзіне сабақ алуы керек. Ал арзанқол туындыны тамашалаған көрермен кино саласын оңай екен деп қабылдап, өнерге үстірт қарайды. Ал бұл жолда біреулер шедер жасау үшін өмірін арнап, денсаулығын береді.

Нағыз киноны жасаған біздің кешегі режиссер-актерлер бұл салаға жолдан келген жоқ. Көнігі мамандардан оқып-білгені былай тұрсын, алғашқы мансаптарын түсірілім алаңдарында ассистент болудан бастаған. Сол арқылы киноның ішкі әлемін, заңын, әдебін білді. Өз алдына бір ғылымға пара-пар сценаридің қалай жазылуын үйреніп, драматургияның жілік-майын шақты. Оның өзінде түсірген жұмыстары тәжірибелі мамандардан құрылған көркемдік кеңестің алдынан өтетін. Нәтижесінде ол кинолар көрермен жадында мәңгіге қалды.

Қазір көп дүниені Ұлттық киноны қолдау орталығы шешеді. Біреу өтеді, біреу қалыс қалады. Таңдау жасауда қандай механизмді қолданатындары түсініксіз. Сондықтан мемлекет киноға көз қырын салғаны дұрыс. Бір күннен өмір сүру өнерді өмірлен етпейді, – дейді ол.

Расында кино арқылы үлкен саясаттарды, небір идеологияны жүргізуге әбден болады. Экран ұлттың санасын жандандырып, тіпті, уландыра да алады. Сондықтан көгілдір экран алдындағы буынның немен суындылап келе жатқанына назар аударған абзал.

Оралхан Бөкей «Атау керек» шығармасында будандастырылған аралар туралы әңгімелейді. Алтай мен Америка араларының «қауіпті буданы». Бұрындары балын гүлден жиган Алтайдың тегі таза аралары Американың арасымен будандасқаннан кейін қокыс аралап кетеді. Гүл емес, қокыс! Сүйкімді жаратылған кішкентай

жәндіктер тұмса табиғатпен жалғасқан тіршілік желісінен ажырайды. Ызыңы да өзгереді. Күндердің бір күнінде әлгі қауіпті будан Ерік деген бас кейіпкердің анасын шағады. Бойына тараған ұяқты удан әжей жан тапсырады. Атаның қасиетімен, ананың сүтімен дарыған ана тілімізге де осы қауіп төніп тұр. Тіліміз өзге тілмен будандасып барады.

Нұр БАҚЫТ



да жаппай кино түсіріп кетуіне осы себеп. Бірақ мұның бәрі өткінші жағдай. Десе де комедиялардың арасында да көрермен көңілінен шығып жатқандары бар. Соның бірі – Дариға Бадқынованың екі апта ішінде бір миллиардтан аса касса жинаған «Таптым-ау» сені фильмі. Бұл – тамаша көрсеткіш. Осыдан он жыл бұрын біздің елде Голливудтың кинолары да мұндай табыс әкелмейтін. Бұл – көрерменнің көңілі қазақ киносына ойыса бастағанының белгісі. Осы тұрғыдан алғанда коммерциялық кинолар көрерменін тапты деуге болады.

Ой салатын, ұлттық колориті бар салмақты туындылар да түсіріліп жатыр. Осы ретте Ұлттық киноны қолдау орталығы бірқатар фильм легін жарыққа шығаруды қолға алды. Орталықтың қолдауымен даңқты палуанымыздың өмірінен сыр шертетін «Қажымұқан» фильмін түсіргенде, жастардың жүрегінен орын алу мақсатында арнайы эффекттерді қолдандық.

Отандық кино саласы біртіндеп аяққа тұрып келеді. Көрермен комедияға тойды. Көрермен драмалық туындыларға ауыса



Ал продюсер тұрғысынан айтар болсам, мемлекет тарапынан кино саласының аяқтан тұрып кетуіне жасалып жатқан қолдау көріп отырған жоқпын. Дегенмен ақша бөлініп жатқанын естиміз. Бірақ олардың кімге қалай беріліп жатқаны түсініксіз. Кино қайраткерлері қандайда бір туынды түсіруден қорқатын болды. Себебі, шыққан шығынды өтей алмай ма деп сескенеді. Осыған орай кино саласын мемлекеттің мықтап қолға алатын кезі келді.

Мейлі патриоттық, мейлі экшн жанрында кино таспаласаң да, кинотеатрлар көрсетпей қоюы әбден мүмкін. Ешкімге топырақ шашқым келмейді. Бірақ бір қызығы, актердің әнші болып жүргені сирек, ал әншілер бұл саланың түбіне бойламастан, актер болып шыға келеді. Бұдан киноның сапасы құлдырамаса, жақсара қоймады.

Қорыта айтарым, қазіргі қазақ киносы кешенді түрде қолға алуды қажет етеді. Барлығы бір үстел басына отырып, ортақ ымыраға келіп, бір стратегияға жұмылғаны жөн. Неге десеніз, түсірген киноңды жарыққа шығару – қиямет-қайым. Дайын туындыны апарсаң, прокат компаниялары өздерінің ережесін алға тартады. Оны орындасаң, кинотеатрлар өз заңын айтып шығады. Осының салдарынан өз елімізде, өз ішімізде бітпейтін тартыс жүріп жатыр, – деді актер.

Шынтуайтына келгенде



Қызылорда облысының Жалағаш ауданы отбасылық неке қатынастары саласында айрықша нәтижеге қол жеткізіп отыр. Өткен жылдың қорытындысы бойынша ауданда АХАТ органдары арқылы бірде-бір ажырасу дерегі тіркелмеген. Бұл көрсеткіш тек облыс көлемінде ғана емес, республика бойынша да өте сирек кездесетін жағдай ретінде бағалануда.

ЖАЛАҒАШ – ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫН БЕРІК САҚТАҒАН АУДАН

Жалпы өңірдегі ахуалға көз жүгіртсек, ажырасулардың ең көп саны облыс орталығы – Қызылорда қаласында тіркелген. Мұнда бір жыл ішінде 197 отбасы ресми түрде тараған. Бұзылған некелер саны бойынша екінші орында Байқоңыр қаласы тұрса, үшінші орынды Жанакорған ауданы иеленіп отыр. Бұл көрсеткіштер урбанизация деңгейі жоғары аймақтарда әлеуметтік және тұрмыстық факторлардың отбасы тұрақтылығына әсер ететінін аңғартады. Статистикалық дерекке сәйкес, 2024 жылы Жалағаш ауданында неке бұзудың 7 жағдайы тіркелген. Ал облыс көлемінде өткен жылы барлығы 3 792 неке қиылып, 338 ажырасу дерегі анықталған. Бұзылған некелердің

жалпы саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 14%-ға төмендегенін айта кеткен жөн. Бұл – өңірде отбасылық құндылықтарды нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың оң нәтижесін айқындайтын маңызды көрсеткіш.

Сарапшылардың пікірінше, ажырасу деңгейінің төмендеуі қоғамда отбасы институтына деген жауапкершіліктің артып келе жатқанын білдіреді. Сонымен қатар бұл үрдіс жас отбасылармен жүргізілетін түсіндіру жұмыстарының, ұлттық салт-дәстүрлер мен отбасылық тәрбие рөлінің күшейгенін көрсетеді.

Жалағаш ауданында қалыптасқан оң үрдіс сақталатын болса, бұл өз кезегінде қоғамның әлеуметтік тұрақтылығына, ұрпақ тәрбиесіне және ұлттық құндылықтардың сақталуына оң әсер ететіні сөзсіз.



Қорлан САРЫ

Тәрбие – тал бесіктен

Қазіргі қоғамда бала тәрбиесінде еркіндік пен жауапкершіліктің ара-жігін жиі шатастырамыз. Автобуска үлкен кісі мінсе, жасөспірімнің «мен де ақша төледім, неге тұруым керек?» деген сөзі кейде қалыпты құбылыс ретінде қабылданады. Одан да сорақысы, мұндай жағдайда кей ата-ана баласын жөнге салудың орнына, қорғаштайды. Тіпті қасарысып отыратындарды да көргенбіз. Ұят-ай...

Сол сияқты мектеп қабырғасында мұғалімге қарсы сөйлеу, тәртіпке бағынбау туралы да әлеуметтік желіден жиі көріп жүрміз. Оқушының ғана емес, ата-ананың да мұғалімге талап қоюы, жағдайды толық түсінбей жатып, бірден арызданып шығатынын қайтерсің!? Бұрындары ата-аналар «мектеп – екінші үйің, ал мұғалім – екінші анаң» деп тәрбиелелейтін. Ал қазір бұл көрініс келместің кемесіне мініп кеткен секілді.

Үлкенді сыйлау, сөзін бөлмеу, қарсы келмеу – қорқыныштан туған тәртіп емес, мәдениеттің өлшемі. Бұрын «ұят болады» деген бір ауыз сөз талай теріс қылықтың алдын алды.

Жас отбасы балаға бәрін рұқсат ету арқылы оны бақытты етемін деп ойлайды. Бірақ рұқсат пен тәрбие тең емес. Үлкенді сыйлауды үйретпеген ата-ана ертең өзі де сыйлы болмауы мүмкін. Сол себепті тәрбиені осы бастан қолға алып, ақ пен қараның аражігін ажырата білгеніміз жөн.

Қоғамдағы тағы бір мәселеге зер салсақ, ата-ана ажырасқан кезде ортақ бала көбіне екі оттың ортасында қалады. Өке мен ананың бөлек бөлек өмірі баланың психологиясына ауыр соққы болып тиетіні айдан анық. Бірі материалдық жауапкершілікті, бірі тәрбиелік жауапкершілікті толық атқармай жатады. Ал бала үшін ең маңыздысы – ата-ананың толыққанды махаббаты мен тұрақтылығы. «Ортақ бала – ортақ жауапкершілік» екенін ұмытпау міндетіміз. Егер мұндай жауапкершілікке дайын болмасаңыз, ерте бастан қамдану керек.

Өмірде бәрі басқаша...

Қазір әлеуметтік желідегі түрлі коуч, сертифицирталмаған психолог, блогер отбасы тақырыбында ақыл айтқыш. Себебі бұл «өлмейтін тақырып» һәм қоғамның басты триггері. Өркім өз оқиғасымен бөлісесі, құлды мәселе солардың тәжірибесімен шешілетіндей.

Есіңізде болсын! Әлеуметтік желідегі «үлгілі отбасының» кадрдан тыс өмірі мүлде бөлек. Бәріне бірдей сене беру – ағаттық. Шынайы өмірде отбасы – өзара түсіністік пен кешірімнің арқасында берік болады. «Ұнамаса – ажырас, түсінбесе – елемей қой, араларына адам түсті ме – кетіп қал. Өзіңді бәрінен биік қой!» деп эгоистік көзқарасты алға тартатындардан аулақ болыңыз. Себебі бұл өмірде мінсіз адам жоқ. Атап өткендей, түсіністік таныта білу, бір-бірінді есту – міне, мәселенің шешімі.

Жастар интернеттегі жалған идеалға қарап, өз отбасын салыстырады, көңілі толмайды. Нәтижесінде түсініспеушілік туындайды. Сондықтан ақпаратты сүзгіден өткізіп, әр кеңеске сын көзбен қарай біліңіздер.

Түпсіз түйіні. Отбасы институтының әлсіреуі – бір күнде пайда болған құбылыс емес. Ол – ұзақ жыл бойы жиналған әлеуметтік, мәдени, психологиялық факторлардың нәтижесі. Бұл мәселені шешу үшін біз бұрынғы қазақы құндылықтарға қайта үйілуіміз керек. Отбасы – махаббат пен жауапкершіліктің, сабыр мен сыйластықтың ошағы екенін ұмыт қалдырмайық. Жоғарыда атап өткендей, жылтырағаннның бәрі алтын емес. Отбасыны мемлекет те, заң да, әлеуметтік желідегі коуч та сақтап қала алмайды. Оны сақтайтын – әке мен ананың санасы, сабыры мен сыйластығы. Қоғам түзелсін десек, өзімізден бастайық. Өз құндылықтарымызды арттырып, жауапкершіліктің салмағын сезінейік.

Нұршат НЫШАНОВА

Басы 1-бетте

Бұрынғы қазақы отбасы – ынтымақ пен бірліктің, сабыр мен сыйластықтың мектебі еді. Өр шаңырақта үлкенге құрмет, кішіге ізет қағидасы темірқазықтай берік тұрды. Атаның сөзі ақыл, әженің өсиеті өмірлік бағдар болды. Бір үйде бірнеше ұрпақтың қатар өмір сүруі баланың мінезін қалыптастырып, дүниетанымын кеңейтетін.

Қазақы отбасында материалдық байлықтан бұрын рухани байлық жоғары қойылды. Мал-мүлік – қолдың кірігі, ал ар-намыс, ұят, обал-сауап ұғымдары – тәрбиенің өзегі болды. Қыз баланы «жат жұрттық» деп тәрбиелеп, ибалы, инабатты болуға баулыса, ұл баланы шаңырақ иесі, ел қорғаны болуға әзірледі. Отбасы ішіндегі дау-дамай да ақылмен, сабырмен шешіліп, «оттың басы, ошақтың қасы» қасиетті орын саналды. Осындай құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазақ қоғамына төнген қауіптерге тосқауыл болды. десе де бүгінгі жағдай бөлек.


Әке көрген оқ жонар, шеше көрген топ пішер

Әке – отбасының тірегі, шаңырақтың уығы. Қазақ ұлтының түсінігінде әке тек асыраушы ғана емес, тәртіптің, әділдіктің, жауапкершіліктің символы. «Әке тұрып, ұлы сөйлемес» деген сөз әкенің беделін, отбасы ішіндегі орнының биіктігін аңғартады. Әке баласына сөзімен емес, ісімен үлгі көрсетті. Бұрын «әкең келе жатыр» дегенді естіген әр бала оның мысын, отбасыдағы орнын бір сәтте еске алушы еді...

Қош... Бүгінгі әкелер қандай? Бұл сұрақтың тамыры терең, ал жауабы уақыт өткен сайын қайғылы болып барады. Неге? Қазір отбасы түгілі, өз басын алып жүре алмайтын талай азаматтың үйленіп, үй бола алмағанының куәгеріміз. Не жарына, не баласына ие бола алмаған ер көбейсе, қалай ел боламыз?

Өкесіз немесе әкенің ықпалын сезінбей өскен бала ертең қоғамда да өз орнын табуда қиналады. Өйткені ол жауапкершіліктің не көмегін, не салмағын толық сезінбейді.

Ана – отбасының жүрегі, мейірімнің мекені. Қазақ «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, қарызыңнан құтыла алмайсың» деп ананың орнын айрықша бағалаған. Ол баланың алғашқы ұстазы, алғашқы тәрбиешісі.



ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ НЕГЕ ӘЛСІРЕДІ?

Оның әлдіі, ақ сүті, мейірімі баланың жан дүниесін қалыптастырады. Ана бар жерде жылулық бар, береке бар.

Ананың отбасыдағы рөлі тек үй шаруасымен шектелмейді. Көпшілік осы тұрғыда қателеседі. Ананы «келін» статусында ғана қабылдап, оның да әйел екенін естен шығарамыз. Кейін оның гүл шоғындай солы күйінде табамыз. Ол – отбасының ішкі үйлесімін сақтаушы,

татулықтың дәнекері. Ерлі-зайыптылар арасындағы түсіністік те көбіне ананың парасатына байланысты. Бала ананың көзінен өмірді көреді, оның сөзінен әлемді таниды. Сондықтан ананың психологиялық жай-күйі, қоғамдағы орны, қадір-қасиеті отбасының болашағына тікелей әсер етеді. Қазіргі қоғамда ананың жүктемесі біршама артты: ол әрі ана, әрі қызметкер, әрі қоғам мүшесі. Осы тепе-теңдікті сақтау – бүгінгі отбасы үшін үлкен сын. Біз анадан алуды

білеміз, десе де қолдау беруге де міндеттіміз.

Әке мен ана – отбасы кемесін алға сүйрейтін қос ескек. Бірі әлсіресе, кеме теңселеді. Отбасындағы тепе-теңдік, үйлесім осы екі тұлғаның өз рөлін дұрыс атқаруына байланысты. Әке қаталдық пен тәртіпті, ана мейірім мен жылылықты үйлестіре алғанда ғана бала толыққанды тұлға болып қалыптасады.

Жеті рет өлшеп, бір рет кес

Қазір үйлену де, үй болу да бұрынғыдай оңай емес. Статистика мәліметі бойынша, Қазақстан ажырасу бағытында антирекорд орнатқан елдердің қатарына кіреді. Ажырасудың себебі көп. Екі жастың арасына түсетін үшінші тұлғалар, ата-ана, әлеуметтік қысым, материалдық талаптар жас отбасының іргесін шайқалтады. Әлі оны мен солын танымаған, жай албырт сезімге ерік беріп, «осылай үй болып кетеміз» деп шаңырақ құрып қателескендерді көзбен көріп жүрміз.

Той жасау, несие алу, қарызға бату – жас отбасының мойнына артылатын тағы бір ауыр жүк. Тойдан кейінгі шығын, тұрмыстық қиындықтар махаббаттың шоғын сғытып, ұрыс-керіске ұласады. Бұған қоса, бір-біріне адал болмау, сенімнің жоғалуы – ажырасудың басты себептерінің бірі. Сенім кеткен жерде сыйластық та ұзаққа бармайтынын жастар кеш байқайды.

Сол себепті кейінгі жылдары жалғызбасты және үйленуге құлқы жоқ жастардың қатары артты. Бірі мансапты, бірі еркіндікті алға тартады. Десе де бұл таңдаудың артында жай ғана жауапкершіліктен қашу тұрғанын айтпаса да білеміз. Өкінішті... Жұрттың сәтсіз тәжірибесі, қоғамдағы ажырасу статистикасы жастардың санасына үрей ұялатады. Жалғыздық басында жауқазымдай көрінгенмен, жастық шақтың мәңгілік болмайтынын естен жиі шығарамыз. Ал жасын келгенде жалғыздықтың салмағы ауыр болары бесенеден белгілі.

Ал сіз білесіз бе


о Зерттеулерге сүйенсек, ерлі-зайыптылар жұмыс, бала тәрбиесі, теледидар, интернет және жеке хоббиілеріне көп уақыт бөлетіндіктен, бір-бірімен тәулігіне бар болғаны 4 минут қана әңгімелеседі екен. Десе де қарым-қатынаста сөзден гөрі іс маңыздырақ. Мысалы, біз қабылдайтын ақпараттың небәрі 7% ғана сөз арқылы жетсе, 37% дауыс ырғағынан, ал 55% іс-әрекет арқылы қабылданады.

о Әр халықтың неке туралы өзіне тән қызық дәстүрлері бар. Мысалы, Италияда жас жұбайлар үйлену тойында шыныаяқ сындырады. Сенім бойынша, сынықтар қанша бөлікке бөлінсе, ерлі-зайыптылар сонша жыл бақытты өмір сүреді. Ал неке сақинасын тағу дәстүрі ежелгі Египеттен бастау алған: мысырлықтар жүрекке апаратын «махаббат тамыры» дәл осы саусақта орналасқан деп сенген.

о Қазақстанда неке көбіне тамыз айында тіркеледі. Тойлардың сәнін келтіретін ең танымал әннің бірі – «Дос-Мұқасан» тобының «Той жыры».

о Статистикаға сүйенсек, үйленген ер адамдар бойдақтарға қарағанда ұзақ өмір сүреді әрі жоғары лауазымға жиі не болады. Ал тұрмыс құрған әйелдердің жалақысы жалғызбасты әйелдерге қарағанда 4-5% жоғары екен.

«АЖ-ақпарат»



МУЗА – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШАБЫТ БАСТАУЫ

Басы 1-бетте

Өлемдік әдебиет пен музыка тарихында музаларға арналған туындылар аз емес. Данте Алигьеридің Беатричеге арналған «Құдіретті комедиясы» – махаббатты рухани деңгейге көтерген классикалық туынды. Ақын



Фатима Зайнуллақызы

үшін Беатриче – жай ғана ғашық жар емес, тазалық пен кемелдіктің символы. Ал Франческо Петрарканың Лаураға арналған сонеттері – қол жетпес махаббаттың, үнсіз сағыныштың көркем көрінісі болып келеді.

Музыка әлемінде де бұл үрдіс жалғасын тапты. Людвиг ван Бетховеннің «Айлы сонатасы» мен «Өлмес сүйіктісіне» арналған хаттары – композитордың ішкі жан күйзелісін, махаббат пен жалғыздықтың арпалысын айқын көрсетеді. Кейде туынды кімге арналғаны жайлы нақты дерек айтылса, кейде бұл сұрақ әлі күнге дейін зерттеушілер арасында пікірталас тудырады.

Қазақ әдебиеті мен өнерінде де музаның орны айрықша. Абайдың лирикалық өлеңдеріндегі нәзік сезім, сыршылдық – ақын жүрегінен өткен шынайы көңіл күйдің жемісі. «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» секілді өлеңдерінде нақты бір адамнан гөрі, жалпы махаббаттың, сұлулықтың жиынтық бейнесі көрініс тапқан.

Қазақ ән өнерінде де көптеген танымал ән белгілі бір адамға арналғанымен, халықтық деңгейге көтеріліп шырқалып жүр. Ән авторы мен орындаушы үшін жеке сыр болса, тыңдарман үшін ортақ сезімге айналады. Музаның құдіреті де осында, автордың эмоциясына әсер етіп, оны туынды жазуға шабыт сыйлауында.

Көпшілік «муза болған адам бақытты» деп ойлайды. Алайда тарихқа көз жүгіртсек, бұл әрдайым бақыт емес екенін байқаймыз. Кейбірі өздеріне арналған туындылар ақылы мәңгілік ән болып шырқалса да, өмірде сол махаббатқа бөлене алмаған. Кейде муза болу – жауапсыз сезім, қашықтық, тіпті трагедиямен астасып жатады. Соған қарамастан, муза – өнер үшін қажет құбылыс. Ол болмаса, ғажайып туындылар дүниеге келмес еді. Муза – шабыттың,



Шәмші Қалдаяқов отбасымен

ал шабыт – әдебиет пен мәдениеттің бастауы.

Газетіміздің 2024 жылғы 31 санында «Нурикамал» секілді сотті туындылардың тарихы жайлы тарқатып жаздық. Сол ізбен бүгінгі мақаламыз да тарихи тұлғалар мен олардың музалары хақында болмақ.

Қазақ руханияты тарихында үш бірдей ірі тұлғамен тағдыр тоғыстырған әйел жайлы білесіз бе? Фатима Зайнуллақызы – татар отбасында дүниеге келсе де, ғұмырын қазақ мәдениеті мен ағартушылығына арнаған әйел. 1903 жылы Қапал қаласында туған Фатима жасынан білімге құштар болған. Орыс және татар мектептерінде, медреседе оқып, кейін жоғары білім алды. Бірнеше тілді меңгерген, еуропалық мәдениеті қалыптасқан ол ұстаздық, аудармашылық, редакторлық қызметтер атқарып, сол дәуірдегі сауатты әйелдердің алдығы легінен көрінді.

Бойжеткен шағында ағартушы Біләл Сүлеевке тұрмысқа шығып, отбасылық өмірді бастады. Үш балалы болған бұл шаңырақ ұзаққа бармады – Сталиндік қуғын-сүргін Біләлді жалмап, Фатима жесір қалды. Бұл оның тағдырындағы алғашқы ауыр соққы еді. Кейін ол ақын Илияс Жансүгіровпен тағдыр қосты. Фатима Илиястың өмірлік серігі ғана емес, шығармашылық шабыт көзі болды. Ақынның махаббат лирикасындағы сырлы сезімдер осы кезеңмен байланысты еді. Алайда 1937 жылғы репрессия Илиясты да алып тынды. Фатима бес баламен «халық жауының әйелі» ретінде жер аударылып, бар ауыртпалықты жалғыз көтерді. Соған қарамастан, ол Илиястың қолжазбаларын сақтап, мұрасын аман алып қалды. Үшінші рет Фатима Мұхтар Әуезовпен отбасын құрды. Бұл одақта Мұрат есімді ұл дүниеге келді. Соғыс пен жоқшылық жылдарында да ол бала тәрбиесі мен еңбекті қатар алып жүрді.

Фатима Зайнуллақызы – үш арыстың мұзасы ғана емес, ұлт руханиятының қорғаушысы. Қасіретке толы тағдырына мойымай, қазақ әдебиетінің алтын қорын сақтап қалған қайсар әйел ретінде тарихта қалды.

Мағжан Жұмабаевтың да өмірлік тағдыры өлеңдеріндегі сияқты қайғылы әрі шиеленіске толы болды. Оның жүрегін шын жаулаған – татар қызы Гүлсім Кемалова болатын. Ол Петербургтегі педагогикалық институтты бітірген, Бірінші дүниежүзілік соғыста медбике болған қыз еді. Қызылжарға мұғалім болып келгенде Мағжан оның сұлулығы мен тәкаппар мінезіне тәнті болады.

Ақынның әрбір өлеңінен оның сезімге толы ішкі әлемі, махаббаты мен сағынышы айқын аңғарылады. Мағжанның Гүлсімге деген сезімі бірнеше өлеңге арқау болған, олар – «Кетіпсін Қызылжардан, ханым Гүлсім», «Айырылғанда», «Гүлсімге», «Тірілдім», «Сүй, жан сәuleм». Ақынның махаббаты сергелденге толса да, бұл сезім оның поэзиясына жан бітірді.

Кейін Мәскеуде жүргенде, Мағжан Гүлсімге жолығуы мүмкін болғанымен, олар сөйлесе алмай, екіге бөлініп кете барады. Дегенмен олардың арасындағы махаббат әдемі естелік ретінде ақын шығармашылығында сақталып қалды.

Отырарда туған Шәмші Қалдаяқов қазақ музыкасының қайталанбас тұлғасы екені ақиқат. Оның шығармашылығы дәуірлердің жүрегін елжіретіп, қазақтың ән өнерін жана белеске көтерді. «Арыс жағасында», «Әнім сен едің», «Ақ бантико», «Кел билейік, кетпе менің қасымнан» сияқты әндері – махаббат пен сағыныш, сезім мен сенімнің тоғысқан дүниесі.

Шәмші шығармаларының басым бөлігі шынайы өмірдегі сұлуларға арналып жазылды. Мысалы, «Сыған серенадасы» Изольда есімді қызға арналса, ал «Дүнген қызы» әні Шарипа есімді сұлуға арналған. «Сағынышым менің» әнінің кейіпкері Сағыныш композитордың жүрегін тербеген сезімнің символына айналды. Осылай Шәмші өмірден алған шабыттың әуен мен лирика арқылы жеткізді.

Дегенмен Шәмші үшін отбасылық өмір әрдайым

бірінші орында болды. Жан жары Жәмиля оның өмірлік серігі ғана емес, шығармашылығына шабыт беретін ең басты тұлға. Шәмшінің «Барлық әнім Жәмиляға арналған» деген сөзінен бұл анық көрінеді. Жәмиляның қолдауы мен махаббаты композиторға шығармашылық еркіндік беріп, әндеріне ерекше сезім мен мән қосты. Шәмшінің



Лашын Әзімжанова мен Мұқағали Мақатаев

әндеріндегі кейіпкерлердің өмірден алынғаны оның шығармашылығына шынайылық пен тереңдік дарытты. Қазақ өнерінің корифейі Шәмшінің бұл шығармалары ұрпаққа аманат болып, ғасырлар бойы тыңдалып, халық жүрегінде жасай беретіні анық.

Ал мұзалақ ақын Мұқағалидың мұзасы ең алдымен өз жары – Лашынан басталады. 17 жасында ақылы мен келбеті үйлескен, бойы сұңғақ, табиғаты бөлек, шашы тобығына дейін түсетін аққұба қызды көргенде, ақын оның өмірлік серігі боларын сезгендей еді. Мұқағалидың сүйікті жарына арнаған өлеңдері олардың арасындағы сенімділікті, махаббат пен түсіністікті көрсетеді. «Лашынға» атты өлеңінде:

«Іздесең, қателік көп менде,
Сен бірақ түйілме, жек көрме!» – деп, әртүрлі сынақ пен дауылдарға қарамастан, өзіне деген сенімін сақтауды сұрап, өлең арнайды.

Осылайша, Лашын Мұқағалидың өмірлік серігі ғана емес, оның жүрегіне шабыт берген алғашқы мұзасы, ақынның шығармашылығына ерекше әсер еткен басты тұлға болып қалды.

Сондай-ақ Мұқағали мен Фариза Оңғарсынова арасындағы сезім жайлы талқылаулар да жиі кездеседі. Десе де Фариза сұхбаттарының бірінде бұл жайды жокқа шығарған. Ол Мұқағалидың өте кішіпейіл екенін атап өткен. «Бәлкім, ол кісінің тарапынан махаббат болған шығар. Маған кейде жақсы көретінін ұялып айта алмай жүрген кішкене бала сияқты елестейтін», – дейді Фариза.

Шетел әдебиетіне, оның ішінде орыс әдебиетіне үнілер болсақ, ең алғаш көзге түсетін кейіпкер – Саломея Андроникова. Британдық басылымдар «Күміс ғасыр ақындарына шабыт сыйлаған таңғажайып әйел» деп атаған Саломея XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы орыс мәдениеті мен поэзиясының тарихында айрықша аталады. Ол ақын да, суретші де, актриса да болған жок. Алайда оған дәл сол дәуірдің ең ірі қаламгерлері мен өнер иелері ғашық болды, өлең арнады, өз шығармаларына муза тұтты.

Саломея Андроникова 1888 жылы Тифлисте дүниеге келген. Ол бала кезінен зиялы ортада тәрбиеленді. 1906 жылы Саломея Петербургке қоныс аударып, әпкесімен бірге жалдаған пәтерін әдеби орталыққа айналдырады. Бұл үйге ақындар, жазушылар, суретшілер жиі жиналатын. Дәл осы кезеңде ол орыс поэзиясының «Күміс ғасыры» өкілдерімен жақын танысады.

Аңызға айналған бір кеште Александр Блок Саломеяны мейрамханада көріп, оның сұлулығынан шабыт алып, әйгілі «Незнакомка» өлеңін жазады. Көгілдір көзді, жұмбақ мінезді ару ақын қиялындағы әйел бейнесіне айналады. Саломеяға Осип Мандельштам да ерекше ықылас білдіріп, бірнеше өлеңін арнайды. Өнертанушылар Мандельштам поэзиясындағы Грузия образының қалыптасуына дәл осы Саломея әсер еткенін айтады. Анна Ахматова оған «Четки» жинағын сыйлап, достық ниетпен қолтаңба қалдырады.

1917 жылдан кейінгі аласапыран жылдар Саломеяны да айналып өтпеді. Ол Қырымда, Тифлисте болып, әдеби ортадан қол үзбей, «Орион» журналының шығуына атсалысты. Грузин ақындары да оны өз поэзиясының шабыт көзі санады.

Революция жылдары Саломея Украинаға, Қырымға, Грузияға, кейін Парижге қоныс аударлады. Парижде Саломея Марина Цветаевамен жақын араласып, ақынға рухани әрі материалдық қолдау көрсетеді. Цветаева оны

өз мұзасы санап, хаттарында ерекше ілтипат білдіреді. Сондай-ақ Саломея суретші Зинаида Серебрякованың Францияға келуіне де көмектескен деген дерек бар. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Саломея Америкаға көшіп, кейін өмірінің соңғы жылдарын Лондонда өткізеді. Жас кезіндегі сұлулығы мен сымбаты сақталған, зиялы

келбетін жоғалтпаған ол туған Ресейі мен Грузиясын өмірінің соңына дейін сағынышпен еске алады.

1982 жылы мамыр айында Лондон қаласында 94 жасында Саломея Андроникова дүниеден өтті. Ол өзі өнерлі болмағанымен, өнерді тудырған тұлғалардың бірі



Саломея Андроникова

ретінде тарихта қалды.

Бүгінге оралайық. Қазақ өнерінде тоғыз ән, яки тоғыз туындыға шабыт берген ару жайлы ақпаратқа таңғала да тамсана да көз тіктік. Қазақ эстрадасының дара тұлғаларының бірі – Құрмаш Маханов өзінің әндеріндегі сезім мен шынайылықты тек таланттымен ғана емес, жүрегіндегі шабытпен де жеткізеді. Бұл шабыттың көзі – әншінің шығармашылық өмірінде ерекше орын алған мұзасы.

Танымал әнші «Жақсы адамдарым» бағдарламасында тоғыз хитіне шабыт берген қыз жайлы әңгімеледі. Ол сол кездегі бойдақ Құрмашқа рух беріп, әндерінің жүрек түкпіріне жетуіне себепші болғанын айтты. Сондай-ақ сазгер әнші бұл арудың есімін жарияламай, оның жеке өмірін құрметтейтінін жеткізді. «Ол қыз тұрмысқа шыққан, төрт ұлы бар. Біз араласпаймыз. Менің өз жанұм, өмірім бар. Ол кісінің өз өмірі бар. Бірақ арада сезім болғаны ақиқат. Ол кісі керемет әндерді орындауыма себепші болды», – деп сөзін аяқтады. Құрмаш Махановтың әндеріндегі тереңдік пен нәзіктік дәл осы музаның ықпалымен туғанын байқауға болады.

Біз тамсанып тыңдайтын ән, сүйсініп оқитын өлең – біреудің жүрек сыры, біреудің өмірінен үзінді. Ол туынды кімге арналса да, уақыт өте келе жеке сезім шеңберінен шығып, баршаға ортақ қазынаға айналады. Сондықтан әсерлі шығармаға кезіккенде, оның артында тұрған музаны да еске алып көрейік. Себебі ұлы туындылардың артында әрдайым бір үнсіз кейіпкер – муза тұрады.

Тілек ҚАБЫЛ

Ұлттық театрға – 100 жыл:

Қазақ кәсіби театрының қалыптасу тарихында Қызылорда қаласының орны айрықша. Дәл осы қасиетті өңірде 1926 жылғы 13 қаңтарда қазақ театрының шымылдығы алғаш рет түріліп, ұлттық мәдениетіміздің жана дәуірі басталды. Уақыт өте келе бұл өнер ордасы Алматы қаласына қоныс аударып, бүгінде Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры ретінде ел мәдениетінің қара шаңырағына айналды. Быыл ұлттық театрдың 100 жылдық мерейі бойы кен көлемде аталып өтуде.

Осы айтулы датаға орай Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі Мұрат Әбенов Нартай Бекежанов атындағы Қазақ музыкалық академиялық драма театрының ұжымымен арнайы кездесті. Кездесу барысында халық қалаушысы театр ұжымын Ұлттық театрдың 100 жылдық мерейтойымен құттықтап, сала өкілдерімен мазмұнды пікір алмасты.

Мұрат Абдуламұтұлы өз сөзінде қазақ кәсіби театрының іргесі Қызылорда жерінде қаланғанын ерекше атап өтіп, бұл тарихи мерекенің түп-тамыры Сыр өңірімен тығыз байланысты екенін жеткізді. Сонымен қатар театр қызметкерлерінің ұсыныс-пікірін тыңдап, мәдениет саласын дамыту, өңірлік театрлардың шығармашылық әлеуетін арттыруға қатысты бірқатар өзекті мәселені талқылады.

Айта кету керек, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ

СЫР ӨҢІРІНЕН БАСТАЛҒАН ТАРИХ

ұлттық драма театрының шымылдығы 1926 жылғы 13 қаңтарда Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясымен ресми түрде ашылған болатын. 1929 жылы театр труппасы жана астана – Алматы қаласына қоныс аударды. Ал 1934 жылғы театр құрамынан музыкалық студия бөлініп шығып, кейіннен Қазақ академиялық опера және балет театры мен «Қазақконцерт» ұжымдарының қалыптасуына негіз болды.

Ал Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының тарихы 1955 жылдан бастау алады. Театр Талдықорған қаласында Еңбекші қазақ, Ақсу, Қаратал колхоз-совхоз театрларының негізінде құрылған. Алғашқы жылдары театр репертуарында қазақ драматургиясының алтын қорына енген туындылар сахналанды. Атап айтқанда, М.Әуезов пен Л.Соболевтің «Абай», М.Әуезовтің «Қаракөз», «Қаракышпақ Қобланды», Г.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» секілді пьесалары көрерменге жол тартты. Бұл спектакльдерді Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген артисі, театрдың бас режиссері Ж.Әбілтаев сахналаған.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін театрдың шығармашылық тынысы кеңейіп, жаңа белеске көтерілді. 1997 жылы театр Нартай Бекежанов атындағы музыкалық драма театры болып қайта құрылып, бүгінгі атауына ие болды. Қазіргі таңда Н.Бекежанов атындағы Қазақ музыкалық академиялық драма театры көркемдік

деңгейі жоғары қойылымдарымен республикалық және халықаралық фестивальдерде топ жарып, бірқатар жүлде иеленіп келеді.

Мерейтойлық кездесуде «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай мен облыстық Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов та қатысып, театр ұжымына ізгі тілектерін білдірді. Кездесу соңында Мұрат Әбенов театр ұжымына құрмет көрсетіп, естелік қолдесый табыстады.

Өз кезегінде Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы, облыстың құрметті ардагері, театр әртісі Бақытбек Алысбаев құрметті қонаққа кітап сыйлап, рухани ықыласын білдірді.

Ғасырлық тарихы бар ұлттық театр – қазақ руханиятының айнасы, елдік пен өнердің тоғысқан алтын қазығы. Осы ұлы жолдың бастауы Қызылордада қаланғаны – Сыр өңірі жұртшылығы үшін үлкен мақтаныш.

«АЖ-ақпарат»



Басы 1-бетте

Сонда әрдайым медицинаға тіреліп, денсаулыққа бей-жай қарағанша, оны күтіп, бақылаған тиімдірек. Осы орайда превентивті медицина бағыты ерекше даму үстінде. Превентивті медицина – денсаулықты сақтауға, аурудың алдын алуға, ерте анықтауға және оның дамуына себеп болаған ағзадағы дисбаланстарды түзетуге бағытталған сала. Иә, кейінгі уақытта медицина қызметкерлеріне көмекке жүгіну ыңғайлы әрі қолжетімді. Бірақ кейде қоғамда дәрігердің еңбегі еленбей қалады. Себебі қолжетімді қызмет енді денсаулықтың маңызын елемейтіндей. «Қолда бар алтынның қадірі жоқ» деп айтпақшы, денің сау кезде оны елемей, жоғалтқанда бармақ тістеп отыру қалыпты жағдайға айналғандай.


«Numbeo» платформасының 2025 жылғы мәліметінше, елдің индексі 60,7 пунктті құрап, 99 мемлекеттің ішінде 60-орынға тұрақтаған. Екі жыл бұрын Қазақстан 57-орында еді. «Numbeo» индексі сауалнама нәтижелеріне негізделіп есептеледі және денсаулық сақтау сапасы, инфрақұрылым, қызметтердің қолжетімділігі мен ресурстар деңгейін қамтиды. Рейтингте Тайвань, Оңтүстік Корея және Нидерланд елдері көш бастап тұр. Ал ұлттық статистика бюросының

кейіннен симптомды ұшықтырып басқа онкологияға ұласуы мүмкін. Мәселен біз қауіпті деп санамайтын анемия кейіннен жүрек-қан тамырларының ауруына әкеліп соғуы мүмкін.

Ұйқыға қаншалықты мән береміз?

ДЖДСҰ-ның жарғысына сәйкес, денсаулық – бұл адамда тек ауру мен физикалық ақаулардың болмауы ғана емес, бұл толық физикалық, психикалық және әлеуметтік әл ауқаттың болуы. Кейінгі кездері жастар арасында психикалық аурулардың көбейгені жасырын емес. Ол өмірдегі қиындықтарға байланысты болуы мүмкін. Бірақ күнделікті адамның өмір салтыда осындай жағдайға әкелуі мүмкін екенін білесіз бе?

Превентивті медицина – денсаулықты сақтауға, аурудың алдын алуға, ерте анықтауға және оның дамуына себеп болаған ағзадағы дисбаланстарды түзетуге бағытталған сала.



тұрғанынына мойынсұнбай: «Ұйқы – әлсіздер үшін! Менде бәрі жақсы!» деп жүре беретіні рас. Адам ұйқысыздығын мойындамаса, жағдайды одан ары ұшықтыра түседі. Ұзақ мерзімді ұйқы жетіспеушілігі денсаулыққа орасан зор зиянын тигізеді: жүрек, қан тамырлары ауруына, қан диабетіне шалдықтырады. Мұны ескермей, ұйқыны уақытты босқа өлтіру деп қабылдап, мейлінше аз уақыт ұйықтауға тырысатындар бар. Бұл өте зиян әдет.

Ұйқының да өз талаптары бар. Бұл туралы Асылай Құлмағанбетова:

– Көпшілігі шаршасам, жақсы ұйықтаймын деп ойлайды. Шынында да физикалық белсенділік ұйқының ұзақ әрі тыныш болуына септігін тигізеді. Бірақ қарқынды жаттығуды ұйықтардан 4-6 сағат бұрын жасаған абзал. Ал ұйқы уақытына 1-2 сағат қалғанда жеңіл аэробикалық, пилатес секілді жаттығулармен айналысуға болады. Кешкілік дене сергітудің ең жақсы тәсілі – серуен. Ағзаны оттегімен байытып, әр қадам басқан сайын күндіз туған негативтерден арыласыз.

Ұйқының сапасына жатын бөлменің де әсері бар. Жастық мойынды бір қалыпты ұстайтын, бірақ басты қатты көтермейтін болуы қажет. Мүмкіндігінше қатты жерде ұйықтау керек. Матрас ортопедиялық және табиғи матадан, ал киім лимфа қатынауына кедергі келтірмейтін, денені қыспайтын, ыңғайлы, табиғи матадан болуы шарт, – дейді.

Сіз тамақ ішу ішін өмір сүрмейсіз

Жастардың тамақтану процесі қашанда алаңдатады. Қазір жартылай дайын өнімдердің әсерінен дұрыс тамақтанатын адам саны азайды. Одан бөлек, бізде негізгі тамақтану уақыты өзгерді. Жаңа тағам түрлері шыққан сайын біз оның дәмін көруге асығамыз. Осы орайда Асылай Құлмағанбетова: «Біз тамақ үшін өмір сүрмейміз, өмір сүру үшін тамақ ішеміз. Тамақ – ләззат пен қуаныш емес, энергия көзі» деп, дәмнен гөрі денсаулықтың маңызды екенін айтты.

Әсіресе бұл кейбір күнделікті өнімдердің қолданылуымен байланысты. Олар қантқа бай, энергетикалық, газдалған сусындар, сондай-ақ кәмпит, печенье, фастфуд. Бұл өнімдер ағзада инсулин деңгейін көтеріп, тез шаршауға және ашушаңдыққа әкелуі мүмкін.

– Ең алдымен ертерек тұрып, таңғы ас әзірлеуге кенес беремін. Таңғы асты міндетті түрде тойып ішу қажет. Түскі ас алдындағы тіскебасардан бас тартамыз. Ол тәбетті бұзады. Ал кешкі аста тым көп жемейміз. Тағамның құрамында негізгі қоректік заттар, яғни ақуыз, көмірсу, май, сонымен қатар дәрумендер, тағамдық талшықтар болуы тиіс. Бірақ ең бастысы тәулік бойы тамақтану тәртібін, мөлшерін сақтау. Дұрыс тамақтану – қымбат тамақтану емес, тамақтану әдеттерінің өзгеруі, – дейді маман.

Жалпы онкология тікелей адамның тамақтануына байланысты. Осы орайда Асылай Құлмағанбетова ең жиі кездесетін шағыммен бөлісті. Ол – әлсіздік және салмақ тастау. Бұған иммунитеттің әлсіреуі мен онкологиялық жасушалардың өсуі әсер етеді. Себебі ісік қан арқылы ағзаға барған тамақпен қоректеніп, қажетті заттардың ағзаға бармауына байланысты аталған белгілер пайда болады. Онкология бастапқыда көзге көрінбейді, бірақ ісіктер мен жаралар пайда болуы мүмкін. Олар көзге, теріге, тікішекке, сүт безіне шығады. Осы аурудың алдын алу үшін адам уақытылы ұйықтап, дұрыс тамақтануы керек. Тағамның құрамында ақуыз, күрделі көмірсу, дұрыс майлардың және көкөніс пен талшықтардың күнделікті рационға қосу өте маңызды.

Деніміз бен тәніміздің саулығы өзгеге емес, өзімізге керек. Денсаулық – бұл күнделікті қабылдайтын шағын шешімдердің жиынтығы. Ауруды емдеу қымбат әрі ауыр процесске айналған заманда, оның алдын алу – ең тиімді стратегия. Сондықтан, ауырып ем іздегенше, дәл қазірден бастап өмір салтымызды өзгертіп, ауырмайтын жолды тандайық.

Мерей ШӘКРАТ

мәліметінше, 2025 жылдың екінші тоқсанында халықтың ақылы медицинаға орташа шығыны 4,7 мың теңгені құрады – бір жылда 16,5% өсім байқалады. Ал бірінші тоқсанда бұл өсім 28,3% құраған еді.

Мұның салдары – елдегі аурушандық деңгейінің артуы. Денсаулық сақтау министрлігінің деректерін салыстырғанда, 2022 жылдан 2024 жылға дейін 17 ауру категориясының тек бесеуі бойынша ғана төмендеу байқалған. Қалған 12 категорияда керісінше өсу тіркелген. Бұл қазақстандықтардың денсаулығы туралы біраз мәлімет береді. Оның ішінде қан айналым жүйесі аурулары қарқынды түрде өсуде. 2024 жылы бұл ауру 100 мың адамға шаққанда 18,6 мың жағдайға жеткен. Екі жыл бұрын көрсеткіш 16,9 мың болған.

Облыстық онкология орталығының онколог дәрігері Асылай Құлмағанбетованың ойынша, елде пациенттердің басым көпшілігі ауырғаннан кейін ғана тексеріледі. Алдыңғы жылдарға қарағанда денсаулығын күтетін жастар көбейген. Бірақ оның өзі шамамен тек 15%-ды құрайды. Қан анализін тапсырмайтын да азаматтар бар. Бұл немқұрайлық. Уақытылы тексерілу әдеп болуы тиіс. Кейде қаражат, тұрмыс-тіршілік мәселесі де денсаулықтың соңғы қатарда қалып кетуіне себеп болады. Алайда адам өзін бірінші орынға қойып, денсаулыққа жүйелі көңіл бөлуі керек.

Денсаулықты күту – қымбат витаминдер қабылдау емес, уақытылы ұйықтау, құнарлы тамақтану, спортты дос қылу.

– Ең алдымен адам өз ағзасын әрдайым бақылауда ұстау қажет. Жыл сайын анализ тапсыру қажет. Мысалы, қан тапсыру, ферритин, D дәрумені, қалқанша без, қант, холестерин деңгейін тексеру керек, – дейді маман.

Бұл арқылы ағзаға жетіспейтін элементтерді анықтап, үлкен қатерден сақтануға болады. Ал тексеріссіз жүре берген адам



Асылай Құлмағанбетованың айтуынша, адам өмірінің үштен бір бөлігін ұйқыда өткізеді. Сондықтан өміріміздің осы бөлігіне аса мән беруіміз керек. Оның сапалы және дұрыс болуын қадағалауымыз қажет. Ол маңыздылығы бойынша 3-орында. Біз ауасыз 5-10 минут, сусыз 3-8 күн, ұйқысыз 5-6 күн өмір сүре аламыз. Дәрігерлердің айтуынша, адамның жасына байланысты ұйқыға арналған белгілі уақыт режимі бар. Мысалы, жаңа туған нәрестелер күніне 18-20 сағат, 1 жастан 3 жасқа дейін 13-14 сағат, мектепке дейінгі жаста 10-12 сағат, мектеп жасындағылар 9-10 сағат, жасөспірімдер және үлкендер 8 сағатты ұйқыға арнауы керек.

11-сынып оқушыларынан алынған сауалнама нәтижесінде 100% оқушының 22-00-де ұйықтамайтыны, 70-80 %-ы оқушы түнгі 01:00-ден кейін демалып, 20-30% оқушы 23:00 мен 01:00 арасында ұйқыға бататыны белгілі болды. Әдетте мұндай жандар өзінің физикалық қабілеті төмен деп, психологиялық жағдайы жақсы болмай

Мысалы, жаңа туған нәрестелер күніне 18-20 сағат, 1 жастан 3 жасқа дейін 13-14 сағат, мектепке дейінгі жаста 10-12 сағат, мектеп жасындағылар 9-10 сағат, жасөспірімдер және үлкендер 8 сағатты ұйқыға арнауы керек.

ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің тұрақты дамуына кедергі келтіретін аса қауіпті әлеуметтік-саяси құбылыс. Ол мемлекеттік басқарудың тиімділігін төмендетіп, экономикалық бәсекелестікке зиян келтіреді, халықтың билікке деген сенімін әлсіретеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықты жазалау емес, оның алдын алу, қоғамда адалдық пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру арқылы жою маңызды.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңында (2015 жылғы 18 қарашадағы № 410) қоғам дерті саналатын сыбайластықтың алдын алу мен оған қарсы мәдениет қалыптастыру қажеттілігі жан-жақты қарастырылған. Осы заңның 9-бабында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызы ұсынылған. Яғни сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда мұндай іске төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі екені атап көрсетілген. Нақтыласақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асады. Олай болса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі болуға тиіс. Ал көзделген мақсатқа жетудің бірден-бір жолы – ақпараттық және ұйымдастырушылық қызметті жүйелі ұйымдастыру, сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік маңызды іс-шараларды ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты және елдегі заңнамада көзделген өзге де шараны жүзеге асыру.

Әрине қоғам дерті саналатын сыбайластықты тоқтату бір күннің, бір жылдың еншісіне



сыймауы мүмкін. Дегенмен қоғам болып қолға алсақ, алынбайтын қамал, бағынбайтын белес жоқ. Сондықтан ел болып сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі ұйымдастыру өзекті болмақ. Ол үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі күн тәртібінен түспегені абзал.

Жемқорлықтың алдын алу ең алдымен әр азаматтың жеке ұстанымынан басталады. Адал еңбек ету, заңды сақтау, әділдік қағидаттарын ұстану – кез келген қоғам мүшесінің басты

борышы. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасы қызметкерлерімен осы бағытта жүйелі түрде түрлі ақпараттық-түсіндіру және тәрбиелік шаралар ұйымдастырылуда.

Атап айтқанда, жастар мен студенттік бірлестіктер арасында «Адалдық менен басталады» акциясының аясында флеш-мобтар, пікірталас және шығармашылық форматында түрлі іс-шара өтті. Сонымен қатар облыстағы мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік ұйымдардың жас қызметкерлерімен кездесулер мен семинарлар, дәрістер ұйымдастырылды. Бұл шаралардың негізгі мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, жастардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік қасиеттерін дамыту.

Мұндай іс-шаралар қоғамда парасаттылық құндылықтарын нығайтып, азаматтардың белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Әсіресе жастармен жұмыс істеу – болашақта жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасты қалыптастырудың тиімді жолы.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбір азамат адалдықты өмірлік ұстанымына айналдырғанда ғана әділ әрі дамыған қоғам құра аламыз.

Сыбайлас жемқорлық көріністері орын алған жағдайда, «1424» сенім телефонына хабарласуға болады.

С.КУАНЫШБАЕВ,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы

Басы 1-бетте

– Маған бірнеше пән ұнайды. Ал ең бастысы, ойлануға, сұрақ қоюға мүмкіндік беретін сабақтар қызық. Мысалы, маған ұнайтын математика мен әдебиет сабағын алсақ, осы пәндер арқылы жаңа дүние үйреніп, өзіме қажет ақпарат аламын, – дейді балақай.

Біржанның арманы да анық. Ер жеткенде футболшы болуды қалайтынын айтты. Бірақ болашақ доп шебері кітапты да қолынан тастамайды. Былтыр 46 еңбекті аяқтаған ол осы жылы бұдан да жақсы көрсеткішке жеткісі келеді.

– Был бұл көрсеткішті одан да арттырып, мүмкін болса, өткен жылдан да көп кітап оқуды жоспарлап отырмын. Бірақ мен үшін ең бастысы саны емес, одан түйгенім мен үйренгенім маңызды, – деп, әрі қарай кітап таңдаудағы ұстанымымен бөлісті.

– Өуелі сюжетке мән беремін. Егер оқиғасы тартымды болса, жалғастырып оқимын. Иә, авторы мен жанрының да маңызы зор. Бірақ кітап жалықтырмауы қажет. Бұл өте маңызды. Кейде Ақылжанмен ақылдасамын, кейде әкем ұсынған кітаптарды да оқып көремін.

Шыны керек, кітаптың кей бөлігін түсінбейтін сәт болады. Мұндай жағдайда дәл сол бөлігін асықпай, қайталап оқимын. Ал сонда да түсіне алмасам, әкемнен көмек сұраймын. Мысалы «Гулливердің Лилипуттар еліне саяхаты» атты туындының ықшамдалған түрін оқыдым, өйткені толық нұсқасындағы сөздер өте күрделі болды, – деді Біржан.

Біржанға қарап, «аз-аздан үздіксіз» деген сөзді ұққандай болдык. Себебі небәрі 3-сынып оқушысының қоржынында 2024 жылы 26, кейін 48 кітап, ал биыл оқитын 53 кітаптың тізімі бар. Олардың қатарында Джоан Кейтлин Роулинг, Джек Лондон, Артур Конан Дойл, Алан Александр Милн, Рүстем Сауытбай секілді авторлардың шығармалары бар.

Мұнан бөлек әңгіме арасында кітап сөресін сұрауды де ұмытпадық.

– Иә, Ақылжан екеуіміздің біріктірілген кітап сөреміз бар. Сөредегі туындылардың ішінде «Итбас» пен «Тентек балақай» деген кітап өте қатты ұнайды. Оларды таңдауыма оқиға желісі мен кейіпкерлер себеп болды.

Қазір Нил Гейманның «Коралайн» кітабын оқып жүрмін. Бұл кітапта Коралайн есімді қыз туралы әңгіме бар. Ол жаңа үйге көшіп келеді де, үйдің ішінде бір жұмбақ, ерекше әлем бар екенін байқайды. Алғашында барлығы жақсы болғанымен, кейін сол әлемнің қорқынышты тұсының да бар екенін түсінеді. Оқиганы оқи жүріп, кейде өзімді сол әлемнің ішінде жүргендей сезінемін, – дейді ол.

Ал ағасы Ақылжан Стивен Кингтің кітабын бастаған көрінеді.

– Қазір «Төрт маусым» туындысын оқуды бастадым. Маған оқиғасы қызық, тез оқылатын және кейіпкерлері есте қалатын кітаптар ұнайды. Кейде күлдіретін, кейде ойландыратын шығармаларды таңдауға тырысамын, – деп әңгімесін бастаған Ақылжанның ең бірінші оқыған кітабы – «Гарри Поттер және полсапа тас».

– Шамамен 7 жасымнан бастап кітапқа қызығушылығым артты. Ал оған себеп – «Гарри Поттердің» киносы еді. Сикварға толы әлем жайлы таспаланған фильмді көріп болған соң оның кітабын да оқығым келді. Оқи отырып, фильмде көрсетілмеген көптеген қызық сәт бар екенін байқадым. Кейде өзімді Хогвартста жүргендей сезіндім.

Джоан Кейтлин Роулингтың «Гарри Поттер», Джон Рональд Руэл Толкиннің «Сақиналар әміршісі» және Клайв Стайлс Луистің «Нарния шежіресі» топтамаларын ұнатамын, – дейді ол.

Ақылжанның айтуынша, кітап оқуға арнайы кесте жасамаған, бірақ күнделікті мақсат қояды.

– Кітапты әдетте бос уақытымда, ал кейде кешкі уақытта оқимын. Күніне бір сағаттың оқуға арнауды нақты мақсат етемін. Егер туынды қызық болса, бірнеше күнде аяқтаймын. Кейде бір кітапқа екі апта уақыт кетеді.

Өткен жылы 38 еңбек оқыдым. Олардың ішінде шытырман оқиға да,

қиялға толы да, ой салатындары да болды. Биыл да осы дәстүрді жалғастырамын, әкеммен 40-тан астам кітаптың тізімін жазып қойдык. Менің 2026 жылдағы басты мақсатым – барлығын оқып бітіру, – дейді ол.



БІР ЖЫЛДА 84 КІТАП ОҚЫҒАН БҮЛДІРШІНДЕР



Өткен жылдары Бердібек Соқпақбаев, Чарльз Диккенс, Анна Сьюэлл, Антуан де Сент Экзюпери, ал кейін Йоханна Спир, Шыңғыс Айтматов, Зира Наурызбай, Лили Калаустың, былтыр Жюль Верн, Ыбырай Алтынсарин мен Жефф Киннидің туындыларын оқыған. 2023 жылы 33, 2024 жылы 69, былтыр 38 кітаппен дос болған. Міне, ғажап! Міне, нағыз оқырман!

Қандай кейіпкермен дос болғың келеді? Сұхбат барысында Ақылжан мен Біржанға бірдей сұрақ қойдық. Ақылжан үшін бұл кейіпкер – Гарри Поттер.

– Өте қызық сұрақ. Бұл жайында ойланбаппын, десе де жауабым анық. Мен Гарри Поттермен дос болғым келеді. Оның өмірі сикварға, түрлі шытырманға толы. Ал ондай кейіпкермен дос болу да, расымен қызық, – деді.

Ал Біржан болса:

– Огуст. Иә, Огуст. Егер де шын өмірде кейіпкерлермен дос болу мүмкін болса, «Ғажайып» деген шығармадағы Огуст есімді кейіпкермен дос болатын едім. Себебі ол өте ақылды, батыл. Ал ең бастысы досқа адал. Оның бойындағы осы қасиеттер ұнайды, – деп жауап берді.

«БАЛАНЫҢ АЙНАЛАСЫНДА КІТАП БОЛСА, ОЛ ДА КІТАПҚА ҚЫЗЫҒАДЫ»

Міне, балалармен сөйлесіп, пікір алмастық. Сүйікті шығармасын білдік. Биылға жоспарын тыңдадық. Ал баланың кітапқа деген қызығушылығы мен әдеттерін қалыптастыруда отбасы маңызды рөл атқарады. Осы орайда Ақылжан мен Біржанның әкесі Олжас Шереханұлымен де сөйлесудің сәті түсті.

– Балаларыңыздың кітапқа қызығушылығы қалай қалыптасты? Бұл ата-ананың ықпалы ма, әлде олардың табиғи бейімі ме? Ал осы әдетті қалыптастыруда қандай қиындық болды?

– Ақылжанның жасы 7-де, ал Біржан 5 жаста болған кезде отбасымызбен «Гарри Поттер» фильмінің топтамасын толық қазақ тілінде көріп шықтық. Киноның сикварға толы оқиға желісі балаларға ерекше әсер етті. Кейін Ақылжанға бұл фильмінің кітап нұсқасы да бар екенін айтқанымда, ол бірден қызығушылық танытып, алып беруімді сұрады. Сөйтіп, алғашқы бөлім «Гарри Поттер және полсапа тасы» алынды. Ақылжан бұл кітапты бір апта ішінде оқып бітіріп, артында екінші, үшінші бөлімдерін оқуға кірісті. Нәтижесінде, бар болғаны үш айдың ішінде ол серияның жеті бөлімін де толық оқып шықты.

Осыдан кейін Ақылжан «Сақиналар әміршісі» мен «Нарния шежіресі» сияқты әйгілі шығармаларға қызығып, олардың фильмдерін көріп, кітаптарын да оқи бастады. Қиял-ғажайып жанрындағы бұл туындылар оның ой-өрісін кеңейтіп, кітапқа деген ынтасын одан әрі арттырды. Ағасының кітапқа құштарлығын көрген Біржанның да оқуға деген ықыласы оянды. Алайда жасы әлі жетіге толмаған соң, мұндай көлемді кітаптар оған ауыр еді. Сондықтан оның жас ерекшелігін ескере отырып, мазмұны жеңіл, тілі түсінікті, көлемі 100-150 беттен аспайтын кітаптарды таңдадық. «Айдаһарлар әміршілері», «Сыңармүйіз ханшайымдар» секілді балаларға арналған шығармалар Біржанның кітапқа деген қызығушылығын арттыруға сеп болды.

– Қазіргі гаджет дәуірінде үйде кітап пен телефонның тепе-теңдігін қалай сақтап отырсыз? Осы тәжірибеңізге сүйеніп, баласын кітапқа жақындатқысы келетін ата-аналарға қандай кеңес бересіз?

– Балаларды кітапқа баулудағы ең басты дүние – орта мен үлгі. Баланың айналасында кітап болса, ол кітапқа қызығады.

Ал біздің қолданатын негізгі әдістерге тоқталсақ:

1. Үстел ойындары немесе отбасымен кино көру уақытын белгілеу арқылы смартфон мен гаджеттердің орнын алмастыру;
2. Балаларға арнайы кітап сөресін жасап, оны түрлі кітаппен толықтыру. Кітап сөресі – баланы қоршап, қызығушылығын арттыратын басты құрал;
3. Кітап оқу мен сол кітап желісіндегі фильмдерді бірге көру. Мысалы «Гарри Поттер», «Сақиналар әміршісі» немесе «Нарния шежіресі» сияқты туындыларды оқып, фильмдерін қарау арқылы бала қиялын дамытады;
4. Кітап дүкендері мен жәрмеңкелерге жиі апару, баланы жаңа еңбектермен таныстыру;
5. Отбасымен күнде бір сағат кітап оқу дәстүрін қалыптастыру. Ата-анасының да оқып отырғанын көріп өскен бала, өзінен-өзі кітапқа қызығады;
6. Оқылған туындыларды талқылау, түсінбеген тұсын түсіндіру, не түйгенін сұрау;
7. Бір жылдық жоспар құру. Мақсатты жоспар балаға тәртіп пен қызығушылық береді;
8. Кітаптарды міндетті түрде сатып алу. Жеке кітапхана құру. Электронды кітапқа жол бермеу – бала үшін кітапты құндылық ретінде қабылдаудың кепілі.

– Кітап оқып бастағаннан кейін Ақылжан мен Біржанның бойында, мінезінде, қылықтарында қандай да бір өзгерістер болды ма?

– Иә, әрине. Мұндай өзгерістер кітаптың бала дамуына тигізетін әсерінің көрінісі. Кітап арқылы бала тек білім алып қана қоймай, ойлау қабілеті дамып, эмоциялық интеллекті де жетіледі. Кітап оқитын бала – тек білімді емес, өмірді терең түсінетін, тапқыр әрі шығармашыл тұлға болып өседі. Менің балаларым да сондай.

– Өз сөзіңізде талқылау деп айтып қалдыңыз.

Балалармен бірге кітап талқылаудың пайдасы жайлы айтсаңыз.

– Кітап талқылау маңызды қадамның бірі. Себебі баланың оқылған кітапқа қайта оралуына деген қызығушылығын арттырады, қиялын ұштайды және шығармашылық ойлау қабілетін дамытады. Сонымен



қатар тіл байлығын, ойларын нақты жеткізу қабілетін, өз пікірін дәлелдей білу дағдыларын шыңдайды. Кітапқа деген сүйіспеншілік тек оқумен шектелмей, пікірталас арқылы тереңдей түседі: кейіпкерлердің таңдаулары мен әрекеттері, сюжеттік желілер, автордың ойы – барлығы бірге талқыланып, бала ойының кенеюіне сеіткігін тигізеді.

Біздің отбасыда қалыптасқан талқылау дәстүріміз балаларға кітапты тек оқу емес, сонымен бірге түсіну, ойлану және өз көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі. Мысалы балалар кітап әлеміне қайта оралып, әр оқиганың жаңа қырын көргісі келетін болды, ал бұл олардың шығармашылық қабілеті мен ой-өрісін дамытудың ең тиімді жолы.

– Жауабыңызға рақмет!

Әкенің сөзінен аңғарғанымыз – кітапқа деген қызығушылық кездейсоқ қалыптаспайды. Ол тыйыммен де, талаппен де емес, күнделікті орта арқылы, бірге өткізген уақытпен, үлгімен сіңеді. Баламен бір кітапты оқып, бірге талқылау, түсінбеген жерін сабырмен түсіндіру, асықтырмау – осының барлығы Ақылжан мен Біржанның оқырман болып қалыптасуына негіз болғандай.

Албүгінсолеңбектіңнәтижесікөрініптір.Балалар жас ерекшелігіне байланбай, қызық тақырыпты өзі таңдайды. Бір жылда бір ғана жанрмен шектелмей, түрлі авторды, түрлі әлемді оқып көреді. Бірі қиял-ғажайыпқа бойласа, бірі шытырманға толы туындыға бет бұрады. Олар үшін кітап – тапсырма да, міндет те емес, күнделікті өмірінің бір бөлігі, ойлануға, армандауға, өз әлемін тануға мүмкіндік беретін серік. Мүмкін, ең маңыздысы да осы шығар. Ақылжан мен Біржан кітапты оқу керек болғаны үшін емес, қызық болғаны үшін оқыды. Ал дәл осындай қызығушылықпен басталған әдет баламен бірге өсіп, уақыт өте оның мінезіне, ойына, өмірге деген көзқарасына айналатыны анық.

Әлия ТӘЖІБАЙ



АСТАНАДА КЕЙС-ЧЕМПИОНАТ ӨТТІ

Жақында Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасының кеңсесі «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді іс-қимылдың 16 күні» жаһандық науқаны аясында кейс-чемпионат өткізді.

Астана қаласында ұйымдастырылған чемпионатқа Орталық Азияның бес елінен келген жастар қатысты. Байқау аясында жоғары оқу орындарында кездесетін өзекті мәселелерге, жиі көрініс табатын цифрлық және гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы инновациялық шешімдер ұсынды. Әлеуметтік маңызы жоғары бұл тақырыптар заманауи қоғам үшін аса өзекті екені белгілі.

ҚР ПМ Басқару академиясының докторанты, комиссия мүшесі Гүлмира Шрахметова:

– Республика көлемінде гендерлік зорлық-зомбылыққа, оның ішінде цифрлық кеңістіктегі зорлық-зомбылыққа қарсы арнайы науқан өтіп жатыр. «Жастар цифрлық гендерлік зорлыққа қарсы» тақырыбындағы кейс-чемпионат соның жалғасы. Бес елден келген жастар өз көзқарасын, өз

шешімдерін ұсынып, нақты кейстер мен стратегия жасауды үйреніп жатыр, – дейді.

Финалистерді марапаттау үшін БҰҰ агенттіктерінің басшылары, ҚР Сыртқы істер ми-



нистрлігінің өкілдері және Жапонияның Қазақстандағы елшісі арнайы келген.

Шешуші кезеңде таныстырылған ұсыныстардың қатарында қызыл-ордалық жас Ғұбайдулла Орынбековтің де идеясы бар. Ол ұсынған жоба қазылар алқасының жоғары бағасына ие болып, тиімділігі

мен практикалық маңызымен ерекшеленген. Оның жұмысы жастардың тек технологиялық ойлауы ғана емес, сонымен қатар азаматтық жауапкершілігі мен аналитикалық көзқарасын да айқың көрсетті.

Сонымен қатар Түрік-менстаннан келген команданың да идеясы жоғары бағаланған. Инженерлік-технологиялық университеттің студенті

Айсұлтанның айтуынша, олар әзірлеп жатқан телеграм-ботқа қыз-келіншектер жүгініп, психологтардың көмегін, әрекет ету жөніндегі кеңестерді немесе заңгерлердің байланысын ала алады.

– Осы жобаны мектептер мен университеттерде енгізуді ұсынамыз. Кейін бұл құжаттарды тиісті министрліктермен келістіру қажет, – деді ол.

Інжу МАРЖАН

Адамзат баласы жаратылғаннан бері қоғамдық қатынастардың негізі ретінде сенім мен жауапкершілікті ту өтіп келеді. Осы құндылықтардың басында «аманат» деген қасиетті ұғым тұр. Аманат – тек біреудің сақтауға берген заты ғана емес, бұл – адамның мойнына алған міндеті, берген уәдесі, сақтаған сыры және жалпы адамгершілік болмысының айнасы. «Аманатқа қиянат жасама» дейді халық даналығы. Біздің тарихқа үңілсек, қазақ халқы әрқашан аманатқа ерекше құрметпен қарағанын байқаймыз. Бұл ұғым бекерден-бекер пайда болмады.



АМАНАТҚА АДАЛ БОЛА АЛСАҢ...



ХОББИ

НЕҮШІН КЕРЕК?

Көп адам уақыт жетпейді деп жиі шағымданады. Таң атпай тірліктің қамы иыққа жүк болса, кеш батқанша сол күнкөрістің күйбеңі жібермейді. Осындай қорбаласта адам өзіне бір сәт тыныс алуға да рұқсат бермесі анық. Ал сол тынысты, ішкі үндестікті хобби деп аталатын қарапайым ғана әрекет сыйлай алады.

Хобби – ермек емес, бос уақыттың қалдығы да емес. Ол – адамның ішкі әлемімен тілдесетін, жанын ауыр ойдан арылатын іс. Біреу үшін ол кітап оқу, біреу үшін бояумен сөйлесу, енді бірі үшін жай ғана ұзақ серуен болуы мүмкін. Бірақ барлығының түпкі мәні – өзіңмен үндестікте болу.

Көпшілік хоббиді пайдасыз деп топшылауы мүмкін. Ақша әкелмесе, мансапқа әсер етпесе, оны қажетсіз санайды. Алайда пайда деген ұғым тек табыспен өлшенбеуі керек екенін естен жиі шығарамыз. Күйзелістен арылу, ойды ретке келтіру, ішкі тепе-теңдікті сақтау – бұлар да пайда емес пе! Тіпті ең бағалы пайда осы болар.

Психологтар кейінгі уақытта эмоциялық қажу синдромының жиілегенін айтады. Себебі адам үнемі «міндет» режимінде өмір сүреді. Жұмыс істеу керек, үлгеру керек, дәлелдеу керек. Ал хобби «керек» емес, «қалаймын» дейтін ұғымдардан аулақ. Сол үшін де ол жанды емдейді.


Ересек адамның жана хобби бастауға батылы жетпей жатады. «Кеш емес пе?», «Қолымнан келмейді», «Біреулер күледі» деген ішкі қорқыныш тежейді. Бірақ балалық шақта біз бұлай ойлаған жоқпыз. Суретті әдемі салу үшін емес, салғымыз келгені үшін салдық. Өнді жақсы айту үшін емес, айтуға құлшынысымыз болғаны үшін айттық. Хобби сол балалық еркіндікті қайтарады.

Әр адамның жаны әрқилы, сол себепті хоббидің де бір ғана дұрыс түрі жоқ. Біреулер тыныштықты қалайды. Мәселен, кітап оқу, күнделік жүргізу, сурет салу немесе тоқу жанға жақын. Енді біреулер қимылды ұнатады – жүгіру, би, йога, серуен секілді әрекеттер ойды сергітеді. Шығармашылыққа бейім жандар фотоға түсірумен, видео монтаждаумен, ас әзірлеумен немесе қолөнермен айналыса алады. Ал жалғыздықты емес, байланыс іздегендерге волонтерлік, клубтар, тіл үйрену курстары жақсы хобби болмақ. Хоббидің басты өлшемі – оның сәнді немесе пайдалы көрінуінде емес, сізге қандай күй сыйлайтынында. Тіпті кейбір адамдар хоббиінің арқасында өмірлік мамандығын табады.

Бастысы өзіңізге «Мен не істегенде уақыттың қалай өткенін байқамай қаламын?» деген сұрақты қойсаңыз болғаны.

Хобби бірден табыла қоймауы мүмкін, оны іздеу де – қалыпты жағдай. Бастап көріңіз, ұнамаса – тастаңыз, мұндайды сәтсіздік деп қабылдамаңыз. Өзіңізге «міндет» жүктемей, еркіндік беріңіз. Себебі хобби – нәтиже үшін емес, процесс үшін. Сол процесс барысында адам өзін танып, қалауын аңғарады. Ал өз қалауын тапқан адам жан тыныштығын табады, өзімен үндестікте болады. Адамға бақытты болу үшін кейде кішкентай қуаныштың өзі жеткілікті, сол себепті өзіңіздің қуанышыңызды табуға асығыңыз, құрметті оқырман.

Қорлан САРЫ



Мектеп дәптеріндегі қызыл сызық әр оқушыға таныс белгі. Көзімізге ол әдеттегі элемент сияқты көрінсе де, тарихы күтпеген құпияға толы. Ал сіз дәптердегі бұл сызықтың тышқандардан қорғану мақсатында пайда болғанын білесіз бе?

ҚЫЗЫЛ СЫЗЫҚТЫҢ ҚҰПИЯСЫ



Дәптер – оқу процесінің ажырамас бөлігі. Ол тек мектепте ғана емес, колледжде, лицейде, университетте де қолданылады. Жалпы білім беруде әр пәнге сәйкес екі түрлі дәптер таңдалады. Кейбір пәндер үшін – жолақты, есептік жүйесі бар пәндер үшін үшін – торлы дәптерлер қолданыста. Алайда екеуіне де ортақ бір ғана нәрсе – беттерінің оң немесе сол жақ бөлігінде орналасқан қызыл сызық.

Мұғалімдер оқушылардың қызыл сызықтан асып кетпеуін қадағалайды. Бір қарағанда оның қызметі дәптердің сыртқы көрінісін реттеу болып көрінсе де, қызыл сызық беттің көп бөлігін алып тұрғанын байқаймыз.

Ендеше қызықты дерекке тоқталайық. Дәптердегі қызыл сызық пайда болуының себебі – тышқандар. Иә, кәдімгі кішкентай кеміргіштер, ертеде барлығына бірдей қиындық туғызып, дәптерлерді қорғаудың сырына себепші болды.

Тышқандар ас үйді ғана емес, кітапханаларды да жайлап алса не істеу керек? Өзге заттардан айырмашылығы, кітаптарды қалпына келтіру қиын іс. Кеміргіштердің тістері көбіне кітап беттерінің шетін зақымдайтын, ал желінген парақтарды түзету мүмкін емес еді. Сол себепті адамзат маңызды жазбалар мен дәптерлерді қорғаудың жолын ойлап табуға ұмтылды.

Осы мақсатта дәптер беттерінде тік қызыл сызықтар пайда бола бастады. Яки тышқандар кеміру қаупі бар бөліктер сызықпен бөлінді. Бұл аймаққа ештеңе жазбай, бос қалдыру тиіс. Нәтижесінде қағаз шеттерін тышқан кемірсе де маңызды ақпарат сақталып қалады.

Сондай-ақ кітаптарға

тышқаннан ғана емес, саңырауқұлақ, көгеру, су тасқыны мен өрттен де келетін қауіп жоғары. Мұндай сәтте де қызыл сызық негізгі мәтінді қорғауға көмектеседі.

Жылдар өтті, тышқандар сирей бастады, алайда адамзат қызыл сызықтан бас тартқан жоқ. Ол дәптер мен кітап дизайнының бір бөлігіне айналды. Сонымен қатар қызыл жолақ өзге де пайдалы қызметті атқара бастады. Мәселен, мұғалімдер немесе оқырмандар бос орындарға негізгі мәтінге қатысты қосымша ескертпелер, түзетулер жасай алады. Бұл жазбаларды әдемі, ұқыпты және оқуға жеңіл етеді.

Тарихтағы танымал тұлғалар да осы мүмкіндікті пайдаланған. Мысалы, Ленин мәтінді оқып отырып, қызыл жолаққа арнайы белгі қалдыратын деген ақпарат бар. Ақын Александр Пушкин дәптердің қызыл сызығынан кейінгі бос орынға жазбалар мен сурет салуды әдетке айналдырған. Тіпті автопортреттерінің кейбірі бүгінге жеткен деген дерек бар.

Бүгінде мектеп дәптерлерінде де қызыл сызық маңызды рөл атқарады. Ол мәтінді визуалды түрде бөледі, оқуды жеңілдетеді, жылдам жазбаларды құрылымды етіп көрсетеді. Мұғалімдер үшін де пайдалы тұсы – ескерту немесе түзетулерді қызыл жолаққа жазу арқылы оқушының қай жерде қате кеткенін көрсете алады. Ал кейбір мұғалімдер қызыл жолаққа күнді жазуды сұрайды – бұл деректі немесе қажетті ақпаратты жылдам табуға көмектеседі.

Қорытындылай келе, дәптердегі қызыл сызық – кездейсоқ элемент емес, тышқандардан, табиғи апаттар мен өрттен сақтану үшін туған ерекше «қорғаныш» символы екенін біле жүріңіз.

Аружан МАРАТҚЫЗЫ

Газеттің келесі саны 21 қаңтар, сәрсенбі күні шығады

 Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген. «Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.	Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		
	БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
	Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Дәулет ҚЫРДАН	Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz	Кезекші редактор: Нұршат НЫШАНОВА Таралымы: 5107 Тапсырыс: 59